**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 шілдедегі N 470б Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне және "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

"6" деген саннан кейін ", 6-1" деген сандармен толықтырылсын;

"9" деген саннан кейін ", 9-1" деген сандармен толықтырылсын;

"127" деген сандардан кейін ", 127-1" деген сандармен толықтырылсын;

"169" деген сандардан кейін ", 169-1" деген сандармен толықтырылсын;

172-қосымша алынып тасталсын;

"177" деген сандардан кейін ", 177-1" деген сандармен толықтырылсын;

180-қосымша алынып тасталсын;

"201" деген сандардан кейін ", 201-1" деген сандармен толықтырылсын;

204-қосымша алынып тасталсын;

"214" деген сандардан кейін ", 214-1" деген сандармен толықтырылсын;

"235" деген сандардан кейін ", 235-1" деген сандармен толықтырылсын;

"237" деген сандардан кейін ", 237-1" деген сандармен толықтырылсын;

"239" деген сандардан кейін ", 239-1" деген сандармен толықтырылсын;

"317" деген сандардан кейін ", 317-1, 317-2" деген сандармен толықтырылсын;

"325" деген сандардан кейін ", 325-1" деген сандармен толықтырылсын;

"338" деген сандардан кейін ", 338-1" деген сандармен толықтырылсын;

"339" деген сандардан кейін ", 339-1" деген сандармен толықтырылсын;

348-қосымша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жиырма жетінші абзацпен толықтырылсын:

"368-1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Алматы қаласының қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің";

"369" деген сандардан кейін ", 369-1" деген сандармен толықтырылсын;

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы бойынша:**

осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 6-1-қосымшамен толықтырылсын;

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 7-қосымшада:

реттік нөмірі 4-жолдың 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"бейнежабдық - 1 жиынтық" деген сөздерден кейін "; жиһаз (басшы кабинеті) - 12 жиынтық" деген сөздермен толықтырылсын;

"қаңтар-наурыз" деген сөздер "қаңтар-желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың "Тікелей нәтижелері" деген абзацындағы "бейнежабдық - 1 жиынтық" деген сөздерден кейін "; жиһаз (басшы кабинеті) - 12 жиынтық" деген сөздермен толықтырылсын;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 9-1-қосымшамен толықтырылсын;

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 38-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 39-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 7330 мың теңге (жеті миллион үш жүз отыз мың теңге).";

7-тармақтың "Қаржы-экономикалық нәтижесі" деген абзацындағы, "5979,0" деген сандар "7330,0" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 40-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 218189 мың теңге (екі жүз он сегіз миллион бір жүз сексен тоғыз мың теңге).";

реттік нөмірі 4-жолдың 6-тармақ кестесінің 7-бағанында:

"және арнайы полиция бөлімшелері" деген сөздер ", арнайы полиция бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"полиция бөлімшесі" деген сөздерден кейін ", Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің құрамалары мен бөлімдері" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 41-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 163376 мың теңге (бір жүз алпыс үш миллион үш жүз жетпіс алты мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "поезд жолдарын жөндеу." деген сөздерден кейін "Өткен жылдардағы кредиторлық берешекті өтеу." деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтағы "12" және "25,4" деген сандар тиісінше "14" және "26" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 42-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 240162 мың теңге (екі жүз қырық миллион бір жүз алпыс екі мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 50-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 4407849 мың теңге (төрт миллиард төрт жүз жеті миллион сегіз жүз қырық тоғыз мың теңге).";

7-тармақтың "Тура нәтиже" деген абзацында:

"- 554 458" деген сандар "кемінде 678 800" деген сөздермен ауыстырылсын;

"- 599 416" деген сандар "кемінде 763 574" деген сөздермен ауыстырылсын;

"- 275 257" деген сандар "кемінде 451 066" деген сөздермен ауыстырылсын;

"- 8 447" деген сандар "кемінде 6 147" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 52-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 40400 мың теңге (қырық миллион төрт жүз мың теңге).";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасына келетін шетелдік азаматтарды көші-қон карточкаларымен және уақытша келу бланкілерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру бойынша акция өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыратын заңсыз еңбек мигранттарын ерекше үлгідегі карточкалармен қамтамасыз ету, сондай-ақ ламинаттайтын пленка сатып алу және көші-қон карточкаларын жеткізу жөніндегі шығыстар.";

6-тармақта:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру жөнінде бір жолғы акция өткізу кезеңінде көші-қон карточкаларын және ерекше үлгідегі көші-қон карточкаларының бланкілерін дайындау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.";

7-баған "министрлігі" деген сөзден кейін ", облыстардың, Алматы және Астана қалаларының Ішкі істер департаменттері" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта:

"Тура нәтиже" деген абзацта:

"3000000 адам;" деген сөздерден кейін "ерекше үлгідегі көші-қон карточкаларымен қамтамасыз етілген, тіркелген шетел азаматтарының саны - 300000 адам;" деген сөздермен толықтырылсын;

"- 10000000 бірлік" деген сөздер "кемінде 10000000 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Соңғы нәтиже" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:
"Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетел азаматтарын көші-қон карточкаларымен 100 % қамтамасыз ету; республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру бойынша акция өткізу кезеңінде ерекше үлгідегі көші-қон карточкаларын бере отырып, шетел азаматтарын 100 % тіркеу.";

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзац "1 теңге" деген сөздерден кейін "; ерекше үлгідегі 1-көші-қон карточкасын дайындауға жұмсалатын шығын - 98 теңге" деген сөздермен толықтырылсын;

"Уақтылығы" деген абзацтағы "уақытында тіркеу." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:
"Заңсыз еңбек мигранттарын уақтылы тіркеу және оларды заңдастыру.";

көрсетілген қаулыға 53-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Құны: 340646 мың теңге (үш жүз қырық миллион алты жүз қырық алты мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "Есірткіге тәуелді адамдарды және олардың өкілдерін әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығын материалдық-техникалық нығайту: компьютерлерді, сканерлерді, мультимедиа проекторларын сатып алу" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақта:

"Тура нәтиже" деген абзацтағы "жылына әлеуметтік-психологиялық реабилитация курстарына өткен есірткіге тәуелді адамдардың саны (50 адам)" деген сөздер алынып тасталсын;

"Сапасы" деген абзацтағы "ресми есепте тұрған есірткіге тәуелді адамдар санынан 0,1% адамдарды қалпына келтіру" деген сөздер алынып тасталсын;

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 56-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Құны: 14372999 мың теңге (он төрт миллиард үш жүз жетпіс екі миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 3-жолдағы "Камаз 4208 автобусы" деген сөздерден кейін ", Камаз базасында ж/к 25 тонналық автокран, ж/к 4 тонналық жүк тиеуіш" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдағы "Уаз 3909, Нива-Марш, Газель" деген сөздерден кейін ", " Пегас" ауа жастықшасы бар кеме, Камаз базасында авариялық құтқару машинасы" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 7-жолдағы "1 ұшақты күрделі жөндеу" деген сөздер алынып тасталсын ;

реттік нөмірі 9-жолдағы "ақпаратты өңдеу және өрттердің жедел алдын алу үшін" деген сөздерден кейін ", сынақ жабдығы: "Жануы қиын материалдар мен керамика құбырлар топтарын анықтау" қондырғысы, көбік жиілігін анықтау қондырғысы, " жалындауды" анықтау қондырғысы, (еден) қондырғысы, "шахта пеші" қондырғысы, " жалын анықтау" қондырғысы, "уыттылық" қондырғысы, "түтін" қондырғысы, " Жанбайтын материалдар топтарын анықтау" қондырғысы, "Бузенка" қондырғысы, " Маталар" қондырғысы" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 10-жолдағы "авариялық құтқару жабдықтарының" деген сөздерден кейін "Холматро" авариялық құтқару құралы" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 57-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1243420 мың теңге (бір миллиард екі жүз қырық үш миллион төрт жүз жиырма мың теңге).";

2-тармақтағы "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңы" деген сөздерден кейін "; "Төтенше жағдайлардың алдын алудың және оларды жоюдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1383 қаулысы " деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың екінші сөйлемі ", сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында мамандар даярлаудың білім беру деңгейін арттыру";

5-тармақтың бірінші абзацында "төтенше жағдайлар" деген сөздерден кейін "; төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында біліктілігі жоғары мамандар даярлау" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы реттік нөмірі 1-жол 2) тармақшадан кейін мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"; 3) ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтының оқу кешенін салу" жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу (28.07.2005 жылғы N 2-484/05 мемлекеттік сараптама қорытындысы)";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"; - 2900 бірлікке арналған "ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтының оқу кешенін салу" жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу";

"Түпкілікті нәтиже" деген абзац "пайдалануға беру" деген сөздердің алдынан мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

", сондай-ақ оқу процесін өткізу жөніндегі тиісті жағдайларды қамтамасыз ету үшін ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтының оқу кешенін";

көрсетілген қаулыға 59-қосымшада:

6-тармақ кестесінің 5-бағанының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Көкшетау техникалық институты жатақханасының ғимаратын мемлекеттік сараптамадан өткен сметалық құжаттамаға сәйкес күрделі жөндеу жүргізу.";

көрсетілген қаулыға 61-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 4824501 мың теңге (төрт миллиард сегіз жүз жиырма төрт миллион бес жүз бір мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы реттік нөмірі 2-жол "Жер сілкінісінің салдарын жою мақсатында Иран Ислам Республикасы үшін 2003 жылы жүргізілген мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінен материалдық құндылықтарды шығаруға жұмсалған шығындарды өтеу." деген сөздермен толықтырылсын;

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 65-қосымшада:

құпия;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 мамырдағы "Шетелдердегі Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің еңбек жағдайлары туралы ережені бекіту туралы" N 577 қаулысы" деген сөздер "Шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 23 қаулысы " деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "53", "157" және "162" деген сандар тиісінше "63", "159" және "185" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 66-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1618035 мың теңге (бір миллиард алты жүз он сегіз миллион отыз бес мың теңге).";

2-тармақта:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ Даму бағдарламасы арасындағы 1996 жылғы 24 қыркүйектегі келісім," деген сөздерден кейін "1998 жылғы 8 қыркүйектегі Еуропа - Кавказ - Азия дәлізін дамыту жөніндегі халықаралық көлік туралы негізгі көп жақты келісім," деген сөздермен толықтырылсын;

"2005 жылғы 17 наурыздағы Азиядағы өзара ықпалдасу мен сенім шаралары жөніндегі кеңесінің Секретариаты (АӨСШК) туралы ережені дайындау бойынша арнайы жұмысшы тобы мәжілісінің шешімі" деген сөздер "Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығының (АӨСШК) Конститутивтік ( Жарғылық) құжаты - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшылары 2002 жылғы 4 маусымда қол қойған Алматы актісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2-жолдың 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:
"73" деген сандар "74" деген сандармен ауыстырылсын;

"АӨСШК-ге қатысушылар Сыртқы істер министрлерінің Кеңесін өткізу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-маусым.

Алматы қаласында АӨСШК саммитін өткізу. Іске асыру мерзімі - шілде-қыркүйек." деген абзацтар алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 68-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 800336 мың теңге (сегіз жүз миллион үш жүз отыз алты мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 69-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 997920 мың теңге (тоғыз жүз тоқсан жеті миллион тоғыз жүз жиырма мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 70-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1555455 мың теңге (бір миллиард бес жүз елу бес миллион төрт жүз елу бес мың теңге).";

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 72-1-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 234792 мың теңге (екі жүз отыз төрт миллион жеті жүз тоқсан екі мың теңге).";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацта:

"48" деген сандар "165" деген сандармен ауыстырылсын;

"2" деген сан "19" деген сандармен ауыстырылсын;

"10" деген сандар "18" деген сандармен ауыстырылсын;

"Соңғы нәтиже" деген абзацта:

"5" деген сан "11,5" деген сандармен ауыстырылсын;

"21 %" деген сөздер "10,9 %" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қаржы-экономикалық тиімділігі" деген абзацта:

"аппараттағы - 1256,5 мың теңге" деген сөздер "аппараттағы 1423 мың теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік қызметкерге - 11,5 мың теңге" деген сөздер "мемлекеттік қызметшіге - 22,1 мың теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мемлекеттік қызметкерге - 22,0 мың теңге" деген сөздер "мемлекеттік қызметшіге - 23,2 мың теңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Сапасы" деген абзацта:

"мемлекеттік тілді оқыту курстарын өткеннен кейін мемлекеттік тілде іс жүргізуге

көшу - 4,2%; ағылшын тілін оқыту курстарын өткеннен кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істеу - 21%;" деген сөздер "мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру жолымен ұсынылатын қызметтерді жетілдіру." деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 72-6-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 10607200 мың теңге (он миллиард алты жүз жеті миллион екі жүз мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Алматы қаласында Азия ойындарын өткізу жөніндегі іс-шаралар шеңберіндегі жобалар бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу.";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "мемлекеттік сараптамадан өткен)" деген сөздерден кейін ", Алматы қаласында Азия ойындарын өткізу жөніндегі іс-шаралар шеңберіндегі жобалар бойынша әзірленген жобалау-сметалық құжаттама." деген сөздермен толықтырылсын;

"Соңғы нәтиже" деген абзац "2011 жылы Алматы қаласында Азия ойындарын өткізу үшін жағдай жасау." деген сөздермен толықтырылсын;

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 72-15-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 43395 мың теңге (қырық үш миллион үш жүз тоқсан бес мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 72-17-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 588467 мың теңге (бес жүз сексен сегіз миллион төрт жүз алпыс жеті мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 72-18-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 2882241 мың теңге (екі миллиард сегіз жүз сексен екі миллион екі жүз қырық бір мың теңге).";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында мәдениетті дамыту, елдің мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: мәдениет инфрақұрылымын дамыту.";

6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- Астана қаласында 3500 орынға арналған киноконцерт залын салу.";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тікелей нәтиже: Астана қаласының тұрғындары үшін Қоянды өзенінің су қоймасында қысқа мерзімді демалыс аймағын, Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрын және Астана қаласында 3500 орынға арналған киноконцерт залын салу жөніндегі жұмыс көлемін орындау.";

"Соңғы нәтиже" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында мәдениеттің дамуын қамтамасыз ету үшін мәдениет объектілерін пайдалануға беру.";

көрсетілген қаулыға 72-21-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1210423 мың теңге (бір миллиард екі жүз он миллион төрт жүз жиырма үш мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақфильм" ұлттық компаниясына негізгі құралдарды сатып алуға күрделі трансферттер аудару.";

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы барысында қалыптастырған гуманистік патриоттық идеалдар мен құндылықтар тұрғысында жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелейтін балалар мен жасөспірімдерге арналған 3 анимациялық фильм шығару." деген сөздерден кейін " Кинопленкаларды өңдеу және фильмдердің көшірмесін басып шығару үшін кинотехнологиялық жабдықтарды сатып алу." деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 72-23-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1138599 мың теңге (бір миллиард бір жүз отыз сегіз миллион бес жүз тоқсан тоғыз мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "Әлеуметтік маңызды және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу:" деген сөздерден кейін "Ресейдегі Абай жылы және Қазақстандағы Пушкин жылы;" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "9 басқа да іс-шаралар" деген сөздер "10 басқа да іс-шаралар" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 72-24-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 2632227 мың теңге (екі миллиард алты жүз отыз екі миллион екі жүз жиырма жеті мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 72-29-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 766783 мың теңге (жеті жүз алпыс алты миллион жеті жүз сексен үш мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "Отан тарихы" аударма әдебиеті (халықтың ұлттық сана сезіміне, патриотизмге, рухани білімін көтеруге негізделген рухани сипаттағы басылым)." деген абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын насихаттау жөніндегі безендірілген альбом-кітаптар және басқа да басылымдар.";

көрсетілген қаулыға 72-30-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 299379 мың теңге (екі жүз тоқсан тоғыз миллион үш жүз жетпіс тоғыз мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссиясының отырыстарын ұйымдастыру және өткізу (12)." деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасында демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның қызметін қамтамасыз ету.";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің 2006-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде іс-шараларды іске асыру, оның ішінде:

халықтың Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік нышандарды қабылдау деңгейін және олардың қазақстандықтарды патриоттық тәрбиелеудегі рөлін зерделеу жөнінде социологиялық зерттеу жүргізу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын республикалық деңгейде насихаттау жөнінде дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізу;

республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу.";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацта:

"Қазақстан қоғамының демократиялық ары қарай дамуына септігін тигізетін 16 әрдайым жұмыс жасайтын мәжілістер өткізу." деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның кемінде 4 тұрақты жұмыс істейтін отырысын және жұмыс тобының кемінде 6 отырысын өткізу;

Қазақстан қоғамындағы демократиялық процестерді одан әрі дамыту мәселелері бойынша кемінде 2 ғылыми-практикалық конференция және кемінде 6 социологиялық

зерттеу жүргізу;
мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның 2 отырысын өткізу; ";
"70" деген сандар "80" деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"Халықтың Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік нышандарды қабылдау деңгейін және олардың қазақстандықтарды патриоттық тәрбиелеудегі рөлін зерделеу жөнінде бір социологиялық зерттеу жүргізу;
Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын республикалық деңгейде насихаттау жөнінде кемінде екі дөңгелек үстел мен семинарлар өткізу;
бір республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу.";
"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацтағы "1835" деген сандар "2439" деген сандармен ауыстырылсын;

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 76-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
көрсетілген қаулыға 78-қосымша осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 86-қосымшада:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Құны: 5889291 мың теңге (бес миллиард сегіз жүз сексен тоғыз миллион екі жүз тоқсан бір мың теңге).";
6-тармақ кестесінің 5-бағанында:
реттік нөмірі 3-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Аумақтық органдардың штат санын жергілікті атқарушы органдарға беру нәтижесінде пайда болған ағымдағы жылдың еңбекақы мен шығу жәрдемақысын төлеу жөнінде аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері алдындағы кредиторлық берешекті өтеу; іске асыру мерзімі: шілде-желтоқсан.";
реттік нөмірі 6-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Ауыл шаруашылығы министрлігі аумақтық басқармаларының өсімдіктер карантині жөніндегі шекара бекеттері үшін мыналарды: компьютерлер, принтерлер, ксерокстер, телефондар, факстар, тұрмыстық тоңазытқыштар, бинокулярлар, қондырғысы бар фотоаппараттар, биологиялық стереоскопиялық микроскоптар, арнайы автокөлік, офистік жиһаз (жиынтық), оптикалық аспаптар сатып алу. Іске асыру мерзімі: шілде-желтоқсан.";
7-тармақтың "Түпкілікті нәтижелері" деген абзацындағы "қамтамасыз ету" деген сөздерден кейін ", өсімдіктер карантині жүйесі бойынша халықаралық стандарттарға қол жеткізу" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 89-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 920718 мың теңге (тоғыз жүз жиырма миллион жеті жүз он сегіз мың теңге).";

реттік нөмірі 2-жолдың 6-тармақ кестесінің 5-бағаны "зертханалық құрал-жабдықтар сатып алу" деген сөздерден кейін:

"; карантиндік зертханаларды орналастыру үшін Астана және Алматы қалаларында 2 зертханалық ғимарат сатып алу; таяу шетелде мамандандырылған өсімдіктер карантині ҒЗИ базасында карантиндік зертхананың жүйелендіруші мамандарын оқыту" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта:

"Тікелей нәтижелері" деген абзацта:

"нәтижесінде деректер алу;" деген сөздерден кейін "карантиндік зертханалар ғимараттары мен құрылыстарын санитарлық және фитосанитарлық шаралар бойынша халықаралық талаптарға сәйкес келтіру үшін екі ғимарат сатып алу;" деген сөздермен толықтырылсын;

"жабдықтармен қамтамасыз ету;" деген сөздерден кейін "таяу шет елдерде карантинге жатқызылатын өнімдерді талдаудың және сараптаудың қазіргі заманғы әдістеріне карантиндік зертхананың 14 жүйелендіруші маманын оқыту;" деген сөздермен толықтырылсын;

"Түпкілікті нәтижелері" деген абзацта:

"жол бермеу" деген сөздерден кейін "Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес фитосанитарлық шараларды орындау үшін мамандарды оқыту және 2 карантиндік зертхана сатып алу" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 93-қосымшада:

7-тармақта:

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау" деген бөлімде:

"Тікелей нәтиже" деген абзацта:

"сатылатын асыл тұқымды төлдің саны 178457 бас; асыл тұқымды жұмыртқа - 5690 мың дана; жоғары өнімді бұқалардың ұрығы 1600 мың доза;" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"күтіліп отырған сатылатын арзандатылған асыл тұқымды төлдің саны 178500 - 180500 бас; асыл тұқымды жұмыртқа - 5500 - 7000 мың дана; жоғары өнімді бұқалардың ұрығы - 1400 - 1700 мың доза;";

"142081,8" деген сандар "126927,6" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 94-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1048816 мың теңге (бір миллиард қырық сегіз миллион сегіз жүз он алты мың теңге).";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "236", "8102,28" деген сандар тиісінше "264", "10837,8" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қаржы-экономикалық нәтижесі" деген абзацтағы "31,729" деген сандар "33,727" деген сандармен ауыстырылсын;

"Сапасы" деген абзацтағы "1,26" деген сандар "15,61" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 95-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 31245 мың теңге (отыз бір миллион екі жүз қырық бес мың теңге).";

реттік нөмірі 2-жолдың 6-тармақ кестесінің 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жобаны республикалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру";

7-тармақтың "Уақтылығы" деген абзацындағы "100" деген сандар "25" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 97-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 77099 мың теңге (жетпіс жеті миллион тоқсан тоғыз мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 98-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 230483 мың теңге (екі жүз отыз миллион төрт жүз сексен үш мың теңге).";

2-тармақ "N 255 қаулысы" деген сөздерден кейін "; Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 14 желтоқсандағы Заңы " деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 2-жолдың 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"6" деген сан "4" деген санмен ауыстырылсын;

"Жобаны бағалау және мониторинг бойынша техникалық көмек беру үшін 1 шетелдік жеке консультанттың консультациялық қызмет көрсетуін сатып алу." және " Аграрлық метеостансалар үшін құрал-жабдықтар сатып алу." деген сөздер алынып тасталсын;

"Тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетуді сатып алу бойынша конкурстар өткізу туралы хабарландыруларды төлеу." деген сөздерден кейін "Қарыз бергені үшін Дүниежүзілік Банкке бір жолғы комиссиялық алым төлеу." деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "20 метеостансаға жабдық сатып алынды;" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацтағы "Бір метеостансаға сатып алынатын жабдықтың құны 2 857,5 мың теңгеден аспайды." деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 100-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 6203618 мың теңге (алты миллиард екі жүз үш миллион алты жүз он сегіз мың теңге).";

5-тармақтағы "Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:" деген сөздерден кейін " зертхана жабдықтарын халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес келтіру; ветеринарлық зертханалардың мамандарына зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін оқыту " деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақта:

реттік нөмірі 2-жолда:

"жұмысшыларының біліктілігін көтеру" деген сөздерден кейін "және 10 маманды оқыту" деген сөздермен толықтырылсын;

"жылқы (жабағы)" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"; - зертханалық жиһазды - 1 жиынтық;

стандарттар, реагенттер мен шығыс материалдары жиынтығымен бірге микроорганизмдердің нуклеин қышқылдары құрамын анықтауға арналған аппарат - 1 бірлік;

стандарттар, реагенттер мен шығыс материалдары жиынтығымен бірге олигонуклеотидтерді (нуклеин қышқылдары) уландыруды синтездеуге арналған аппарат - 1 бірлік;

стандарттар, реагенттер мен шығыс материалдары жиынтығымен бірге бағдарламалық қамтамасыз ететін микробиологиялық талдауыш 1 бірлік;

бағдарламалық қамтамасыз етумен, стандарттар, реагенттер мен шығыс материалдары жиынтығымен бірге шикізат пен өнімдердегі улы және химиялық заттарды анықтауға арналған аппарат - 1 бірлік;

люминесцентті микроскоп - 2 бірлік;

картриджджер жиынтығымен бірге суды жоғары тазалау жүйесі аппараты - 1 бірлік;

персонал мен өнімдерді қорғаудың микробиологиялық боксы (3 сыныпты) - 3 бірлік ;

персонал мен өнімдерді қорғаудың микробиологиялық боксы (2 сыныпты) - 2 бірлік ;

ампулаларды вакуум арқылы дәнекерлеуге арналған аксессуарлары бар

биологиялық заттарды лиофильді кептіруге арналған аппарат - 1 бірлік;
бағдарламалық қамтамасыз етілген сандық бейнекамерасы бар микроскоп - 2 бірлік;

төмен температуралы мұздатқыш (86-93С) - 2 бірлік;
көлемі кемінде 200 л термостат (+20-60С) - 3 бірлік;
стерилизациялауға және кәдеге жаратуға арналған автоклав - 3 бірлік;
жұмыртқаларды инкубациялауға арналған аппарат (+20-60С) - 3 бірлік;
СО2 - көлемі кемінде 100 л инкубаторлар, инфрақызыл датчиктер және ылғалдылықты бақылау - 2 бірлік;
210 г-ға дейінгі электронды (талдамалы) таразылар, д-0,001 - 3 бірлік;
инвертирленген микроскоп, бинокуляр, жарық алаң, фазалық айқындылық - 3 бірлік ;
салқындатқышы бар мультифункциональды (жоғары жылдамдықты) центрифуга - 3 бірлік;
қоректі орта дайындауға арналған аппарат - 3 бірлік;
Дьюар ыдысы СДС - 4 жиынтық";
реттік нөмірі 3-жолдағы "салықтарын өтеу" деген сөздерден кейін "Жақын және алыс шетелдердің ғылыми-зерттеу мекемелері мен халықаралық референтті орталықтарда 39 маманды оқыту. Саны 2062 бірлік арнайы жабдық пен құралдар сатып алу." деген сөздермен толықтырылсын;
7-тармақтағы "20 бас жануармен" деген сөздерден кейін ", саны 2107 бірлік зертхана жабдығын сатып алу жолымен зертханалық диагностиканың мемлекеттік жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру және мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау жөнінде зертханалық зерттеулер жүргізу үшін 49 маманды сынаудың қазіргі заманғы әдістеріне оқыту" деген сөздермен толықтырылсын ;
көрсетілген қаулыға 101-қосымшада:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Құны: 43815 мың теңге (қырық үш миллион сегіз жүз он бес мың теңге).";
6-тармақ кестесінің 4-бағанының реттік нөмірі 2-жолы мынадай редакцияда жазылсын:
"Жобаны республикалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру";
7-тармақтың "Уақтылығы" деген абзацындағы "100" деген сандар "30" деген сандармен ауыстырылсын;
көрсетілген қаулыға 105-қосымшада:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Құны: 79250 мың теңге (жетпіс тоғыз миллион екі жүз елу мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолдағы "құрылыстан кейінгі кезеңде объектінің күйін қадағалау" деген сөздер "құрылысты қадағалау, құрылыстан кейінгі кезеңде объектінің күйін бақылау, инспекторлардың, клерктердің қызметтеріне ақы төлеу, қолдау тобының жұмысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "Контракт құнының 5 пайызы болатын сақтандыру жиналымының жартысын сыртқы займды қоса қаржыландыру есебінен төлеу." деген сөздер "Тодини" компаниясының келісім-шарттық құнының 5 %-дық сақтандыру жиналымының және "Эсер" компаниясының келісім-шарттық құнының 5 %-дық сақтандыру жиналымының жартысын сыртқы қарызды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражат есебінен төлеу." деген сөздермен ауыстырылсын;

"2 деңгейдегі банктердің комиссиясына байланысты төлемдерді төлеу" деген сөздерден кейін ", жобаның қорытындысы бойынша есептік семинарды өткізу" деген сөздермен толықтырылсын;

"құрылыстан кейінгі кезеңде объектінің күйін қадағалау," деген сөздерден кейін " құрылысты қадағалау, инспекторлардың, клерктердің қызметтеріне ақы төлеу, қолдау тобының жұмысы" деген сөздермен толықтырылсын;

"Мотт МакДональд фирмасының сарапшылық қызметіне сыртқы займды республика бюджетінен қоса қаржыландыру есебінен ақы төлеу (құрылыстан кейінгі кезеңде объектінің күйін қадағалау, оқыту)." деген сөздерден кейін "Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында 15391 гектар алаңда жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау." деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың "Уақтылығы" деген абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2006 жылы жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс жұмыстарын, сондай-ақ мердігерлермен жасалған келісім-шарттарға сәйкес пайдалануға берілген жер суландыру дренаждық жүйелері бойынша кепілдік мерзімін аяқтау жоспарлануда.";

көрсетілген қаулыға 106-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 260697 мың теңге (екі жүз алпыс миллион алты жүз тоқсан жеті мың теңге).";

6-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 2-жолдың 5-бағанындағы "Келісім-шарт құнынан 5 пайыздық сақтандыру шегерімінің жартысын төлеу" деген сөздер "Тодини" компаниясының келісім-шарттық құнының 5 %-дық сақтандыру жиналымының және "Эсер" компаниясының келісім-шарттық құнының 5 %-дық сақтандыру шегерімінің жартысын сыртқы қарыздар есебінен төлеу. Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында 15391 гектар алаңда жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жол "іске асыру" деген сөздерден кейін "Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында 15391 гектар алаңда жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау." деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 2, 3-жолдардың 6-бағанындағы "ІІІ, IV тоқсан" деген сөздер " Қаңтар-желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың "Уақтылығы" деген абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мердігерлермен бекітілген" деген сөздердің алдынан "Жобаның екінші фазасы бойынша құрылыс жұмыстарының аяқталуы, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 107-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1246164 мың теңге (бір миллиард екі жүз қырық алты миллион бір жүз алпыс төрт мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолдағы "Балық шаруашылығын дамыту үшін қорғаныс бөгеттері мен гидротехникалық құрылыстарды салу." деген сөздер "Қамыстыбас көлдер жүйесін сумен қамтамасыз ету және балық шаруашылығын дамыту үшін гидротехникалық құрылыстар мен қорғаныс бөгеттерін салу." деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "Математикалық модельдерді әзірлеуді іске асыру және институционалды қызметтері үшін кеңесшілердің қызмет ақысын төлеу." деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 108-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 434499 мың теңге (төрт жүз отыз төрт миллион төрт жүз тоқсан тоғыз мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 109-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 4144247 мың теңге (төрт миллиард бір жүз қырық төрт миллион екі жүз қырық жеті мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолда:

"нақты жобалау" деген сөздерден кейін "және құрылысты қадағалау; құрылыс-монтаж" деген сөздермен толықтырылсын;

"; сумен жабдықтау объектілерін салу үшін жабдықтар алу; сумен жабдықтау объектілерін салуға ТЭН әзірлеу үшін консультанттардың қызметтерін төлеу." деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 5-жолда:

"институционалдық бағдарламасын дамыту" деген сөздерден кейін " санитарлық-гигиеналық ағарту бағдарламасы" деген сөздермен толықтырылсын;

"құрылыс жұмыстарын бақылауға және жобалауды жүзеге асыруға жергілікті консультанттар қызметін төлеу" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"құрылысты нақты жобалауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін консультанттардың қызметіне ақы төлеу";

"жабдықтар сатып алу;" деген сөздер алынып тасталсын;

"сатып алынған жабдықтар бойынша төлем ақылар мен салықты төлеу" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"салықтар мен баждар төлеу";

"құрылыс жұмыстарына шарт бойынша бюджетке міндетті төлем ақылар мен салықты төлеу." деген сөздер алынып тасталсын;

"жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары." деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 110-қосымшада:

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"12 объектіні аяқтау және 2 жоба бойынша құрылыс жұмыстарының көлемін орындау";

көрсетілген қаулыға 116-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 167660 мың теңге (бір жүз алпыс жеті миллион алты жүз алпыс мың теңге ).";

6-тармақтың кестесінде:

реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 3-жолдың 5-бағанындағы "Жоба шеңберінде құрылыс жұмыстарына келісім шарт бойынша бірлесе қаржыландырудың жартысын төлеу.", "Жоба шеңберінде институционалдық нығайту қызметтеріне төлеу. Ынтымақ су қоймасы құралымы шеңберінде тәуелсіз сарапшылардың қызметіне төлеу. Келісім-шарттар бойынша консультация қызметінің салығын және баж салығын төлеу. Жоба шеңберінде сараптамаларға төлеу." деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "тәуелсіз сарапшылардың есептері; медициналық зерттеу жөніндегі есептер; жоба шеңберінде құрылыс жұмыстарының басталуы;" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"нақты жобалауды әзірлеу жөніндегі есептер;";

"Түпкілікті нәтиже" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"оң сараптау қорытындылары бар егжей-тегжейлі жобалау нәтижелері.";

көрсетілген қаулыға 119-қосымшада:

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы реттік нөмірі 2-жол "қызметтерді төлеу." деген

сөздерден кейін "Саны 7 адамнан тұратын жобаны үйлестіруші топтың жергілікті консультанттарының қызметтеріне ақы төлеу, операциялық шығыстарға ақы төлеу, жиһаз және кеңсе жабдықтарын сатып алуды, кеңсені жалға алуды және ұстауды қоса алғанда.

Хабарландыруларға ақы төлеу.

Операциялық шығыстарды қоса алғанда, Ертіс өңірі аймағында және Арал теңізінің суалған түбіндегі орманды қалпына келтіру бойынша жергілікті консультанттардың қызметтеріне ақы төлеу.

Орман шаруашылығын бірлесіп басқару жүйесін әзірлеу жөніндегі консультациялық қызметтерге ақы төлеу.

Жайылымдарды басқару бойынша жергілікті консультанттың қызметіне ақы төлеу.

Радиокоммуникация құралдарын шолу жөніндегі жергілікті консультанттың қызметіне ақы төлеу.

Орман тұқымы станциясы құрылысының ЖСҚ әзірлеу жөніндегі консультациялық қызметтерге ақы төлеу.

Өрт станциялары/мұнараларының ЖСҚ әзірлеу жөніндегі консультациялық қызметтерге ақы төлеу. Жол және басқа инфрақұрылымдарды қалпына келтіру жоспарын әзірлеу.";

көрсетілген қаулыға 124-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 388857 мың теңге (үш жүз сексен сегіз миллион сегіз жүз елу жеті мың теңге).";

6-тармақтың кестесінде:

5-бағанда:

реттік нөмірі 2-жолдағы "Екі Ұлттық Референттік Зертхана (ҰРЗ) салуды жобалау және қадағалау жөніндегі компанияның консультациялық қызмет көрсетуін сатып алу." деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "Екі Ұлттық Референттік Зертхана (ҰРЗ) салуды жобалау және қадағалау жөніндегі компанияның консультациялық қызмет көрсетуін сатып алу." , "Сапаны басқару және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету компоненті шеңберінде Техникалық Регламенттерді үйлестіру және сапаны қамтамасыз ету жүйесі жөнінде екі консультациялық компанияның және жетілдірілген зертханалық тәжірибе жөніндегі бір шетелдік жеке консультанттың қызмет көрсетуін сатып алу. Зертханалық қызметкерлерге шетелде оқу курстарын ұйымдастыру. Зертханалық жабдықтар сатып алу." деген сөздер алынып тасталсын;

"Алиментариус кодексін аудару." деген сөздер "Алиментариус кодексі комиссиясының стандарттарын аудару." деген сөздермен ауыстырылсын;

"Имидж жөніндегі және оны іске асыру жөніндегі науқандардың тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2 консалтингтік компаниялардың консультациялық қызметтерін

сатып алу" деген сөздер "Имидж жөніндегі науқан тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі консалтингтік компанияны тарту" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1 ұлттық консультанттардың" деген сөздер "төрт ұлттық консультанттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1 халықаралық, 1 ұлттық консультанттардың, сонымен қатар оқуды басқару жөніндегі консалтингтік компанияның қызмет көрсетуін сатып алу." деген сөздер алынып тасталсын;

"Қолданбалы ауыл шаруашылығы зерттеулерін дамыту - үшінші компоненті жөнінде оқыту модульдері мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша 1 жергілікті консультанттың, 1 халықаралық консультанттың қызмет көрсетулерін сатып алу" деген сөздер "Оқыту модульдері мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша екі халықаралық консультантты тарту" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Стратегия талдау және дамыту және жобаны бағалау үшін 2 консультациялық компанияның қызмет көрсетуін сатып алу." деген сөздер алынып тасталсын;

"Ақпараттық мониторинг жүйесін жасау үшін 1 жергілікті және 1 халықаралық консультанттардың қызмет көрсетуін сатып алу." деген сөздер алынып тасталсын;

"Тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетуді сатып алу бойынша конкурстар өткізу туралы хабарландыруларды төлеу." деген сөздерден кейін "Шетелден тартылған төрт ұлттық консультантты оқыту курстарын ұйымдастыру. 48 жиынтық компьютерлік жабдықты, жобаның консультанттары үшін және білім беру жүйесін құру жөніндегі консультациялық компания үшін кеңсе жиһазын сатып алу. Оқыту курстарын ұйымдастыру жөніндегі компанияны тарту. Дүниежүзілік Банктің қарыз сомасынан 0,5 % мөлшерінде біржолғы комиссиялық алым төлеу. Стратегияны талдау және дамыту жөніндегі консалтингтік компанияны тарту.";

6 - бағанда:

реттік нөмірі 2-жолдағы "Мамыр-желтоқсан" деген сөздер "Шілде-желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "Қаңтар-желтоқсан" деген сөздер "Шілде-желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацта:

"зертханаларды модернизациялау (2 обл., 2 аудан)" деген сөздер алынып тасталсын;

"техникалық регламенттерді үндестіру" деген сөздер "нормативтік-құқықтық кесімдерді үндестіру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"64,6" деген сандар "13,3" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацта:

"Қысқа мерзімді жергілікті консультанттың 1 адам - ай қызмет көрсетуі 127 мың

теңгеден аспайды; халықаралық консультанттың қызметі - 2286 мың теңге. Бір облыстық зертхананы модернизациялаудың құны 50800 мың теңгеден және аудандық - 8255 мың теңгеден аспайды." деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 126-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 150000 мың теңге (бір жүз елу миллион теңге).";

2-тармақ "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 14 желтоқсандағы Заңы " деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ кестесінің 6-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолдағы "Сәуір-желтоқсан" деген сөздер "Мамыр-желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "Сәуір-желтоқсан" деген сөздер "Мамыр-желтоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "635000" деген сандар "150000" деген сандармен ауыстырылсын;

осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 127-1-қосымшамен толықтырылсын;

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 129-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1257807 мың теңге (бір миллиард екі жүз елу жеті миллион сегіз жүз жеті мың теңге).";

6-тармақтың кестесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-1-жолмен толықтырылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| "4-1 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайларын және құрылыстарын күрделі жөндеу | Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Көші-қон комитетінің басқармасы ғимаратының шатырына | шілде-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі"; |

күрделі жөндеу жүргізу

көрсетілген қаулыға 130-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 255496364 мың теңге (екі жүз елу бес миллиард төрт жүз тоқсан алты миллион үш жүз алпыс төрт мың теңге).";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "1644,0" деген сандар "1663,4" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацтағы "9930" деген сандар "10075" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 131-қосымшада:

7-тармақтың "Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацында:

"244" деген сандар "229,9" деген сандармен ауыстырылсын;

"16,3" деген сандар "10,8" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 132-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 34558542 мың теңге (отыз төрт миллиард бес жүз елу сегіз миллион бес жүз қырық екі мың теңге).";

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- 2006 жылғы 1 шілдеден бастап арнайы мемлекеттік жәрдемақы төлеу: ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдарға - 7,1 АЕК, ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға - 5,8 АЕК, ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне - 4,2 АЕК; ЧАЭС-тағы апат салдарын жою кезінде қаза болған (қайтыс болған, хабар ошарсыз кеткен) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің және қаза болған адамдардың отбасыларына - 4,3 АЕК; қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдеріне (күйеулеріне) - 2,4 АЕК; тыл еңбекшілеріне - 2 АЕК; көшіру күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, шеттету және қоныс аудару аймағынан Қазақстан Республикасына көшірілген ЧАЭС-тағы оқиғасында апат салдарын жоюға қатысушыларға - 2 АЕК.";

7-тармақта:

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацта:

"4120" деген сандар "4817" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"2006 жылғы 1 шілдеден бастап арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері: ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 5871 теңгеден 7313 теңгеге дейін; ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға 2472 теңгеден 5974 теңгеге дейін; ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне - 2781 теңгеден 4326 теңгеге дейін; ЧАЭС-тағы

апат салдарын жою кезінде қаза болған (қайтыс болған, хабар ошарсыз кеткен) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің және қаза болған адамдардың отбасыларына - 2884 теңгеден 4429 теңгеге дейін; қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдеріне (күйеулеріне) - 927 теңгеден 2472 теңгеден; тыл еңбекшілеріне - 1030 теңгеден 2060 теңгеге дейін; көшіру күнінде аналарының құрсағында болған балаларды қоса алғанда, иеліктен алу және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына көшірілген ЧАЭС-тағы апат салдарын жоюға қатысушыларға 515 теңгеден 2060 теңгеге дейін ұлғаяды.";

көрсетілген-қаулыға 133-қосымшада:

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "104,5" деген сандар "100,6" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 145-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1018277 мың теңге (бір миллиард он сегіз миллион екі жүз жетпіс жеті мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 6-бағанындағы "Мамыр" деген сөз "Жыл бойы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 153-қосымшада:

"арнайы" деген сөз "міндетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 157-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1340102 мың теңге (бір миллиард үш жүз қырық миллион бір жүз екі мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 3-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқандардың отбасыларына асыраушыларынан айрылу жағдайына байланысты зиянды өтеу.";

реттік нөмірі 4-жолдағы "ҚР ККМ Азаматтық авиация комитетінің мамандарын EASA/JAR стандарттарын оқыту." деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 6-жолдағы "неміс қозғалтқышы бар МКСМ-800 коммуникативтік құрылыс машинасын 1 бірлік, жабынсыз 8 тонналы ЗИЛ 508.10 (150 а.к.) борттық автомашинасын 1 бірлік, Көлік және коммуникация министрлігінің ғимаратына қызмет көрсететін арнайы машина үшін аспалы құрал-жабдық (1 шөміш, тазалағыш)" деген сөздер "аумақты тазалауға арналған техниканы, жүк автомобилін, шөміш пен тазалағышты" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацта:

"неміс қозғалтқышы бар МКСМ-800 коммуникативтік құрылыс машинасын 1 бірлік

, жабынсыз 8 тонналы ЗИЛ 508.10 (150 а.к.) борттық автомашинасын 1 бірлік, Көлік және коммуникация министрлігінің ғимаратына қызмет көрсететін арнайы машина үшін аспалы құрал-жабдық (1 шөміш, 1 тазалағыш)" деген сөздер "аумақты тазалауға арналған техниканы 1 бірлік, жүк автомобилін 1 бірлік, шөмішті 1 бірлік, тазалағышты 1 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 35 мамандарын EASA/JAR стандарттарын оқыту;" деген сөздер алынып тасталсын;

"Соңғы нәтиже" деген абзацтағы "халықаралық авиация стандарттарын енгізу;" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қаржы-экономикалық тиімділігі" деген абзацтағы "Азаматтық авиация комитеті қызметшісін енгізіп жатқан (EASA/JAR) еуропалық авиация талаптарын оқыту үшін орташа шығын 1768 мың теңге; Еуропалық авиация талаптарының (JAR 1, 11, 21, JAR OPS 1, 66, FCL 1 және 3, MMEL/MEL, JAR 39; JAR 145, 147; JAR 23, 27/29, JAR OPS 3, FCL. 3, STD 23, VLA/VLR және TSO; JAR 25, JAR E, JAR 26, JAR FCL, JAR APU, AWO, JAR STO) құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару үшін орташа шығын - 396 мың теңге; Азаматтық авиация комитетінің мамандарын енгізіліп жатқан талаптарға практика жүзінде оқыту үшін шетелдік консультанттарды тартуға арналған шығындар - 60 300 мың теңге." деген абзацтар алынып тасталсын;

"Сапасы" деген абзацтағы "азаматтық авиация саласын EASA/JAR еуропалық авиация стандарттарына көшірудің 1-кезеңін аяқтау" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 158-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 44782738 мың теңге (қырық төрт миллиард жеті жүз сексен екі миллион жеті жүз отыз сегіз мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолдың 2) тармақшасындағы "мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға және мердігерлермен жасалған келісім-шартқа сәйкес Ұзынағаш-Георгиевка учаскесіндегі Алматы-Георгиевка автожолын қалпына келтіру" деген сөздерден кейін "консалтингтік қызметтерге ақы төлеу" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 3-жолда:

"N 14-189104 18.10.04 ж." деген сөздер "N 14-270/05 15.12.05 ж.", N 14-06-03 19.05.03 ж.", "N 2-931/05 26.12.05 ж." деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "жобалық-сметалық құжаттаманы қайта есептеу," деген сөздер " жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және қайта есептеу," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11), 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) "Астана қаласындағы Оңтүстік айналма" автожолын салу";

12) Көкшетау қаласы арқылы Астана - Петропавл; -Ташкент Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас; - Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы; - Астрахань - Атырау - Ақтау; - Омск - Павлодар - Майқапшағай; - Ақтөбе қаласына айналманы қоса алғанда, Самара - Шымкент; - Таскескен - Бақты; - Астана - Қостанай - Челябинск; - Алматы - Өскемен автожолдары бойынша жобалау-зерттеу жұмыстары.";

реттік нөмірі 4-жолда:

2) тармақшадағы "жолдарды қалпына келтіруге байланысты салықтарды төлеу" деген сөздерден кейін ", консалтингтік қызметтерге арналған салықтарды төлеу" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада:

"Алматы - Гүлшат және Ақшатау - Қарағанды-" деген сөздерден кейін "жабдықтар сатып алу," деген сөздермен толықтырылсын;

"Гүлшат - Ақшатау" деген сөздерден кейін "белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға және мердігерлермен жасалған келісім-шарттарға сәйкес Гүлшат-Ақшатау автожолын қалпына келтіру, жолды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "көлемдерін жүргізу" деген сөздерден кейін ", Астана қаласындағы "Оңтүстік айналма" автожолын салу" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 159-қосымшада:

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"110", "10", "222", "36", "4127940", "2100", "7800000", "136" және "406000" деген сандар тиісінше "110,75", "9", "270", "25", "4615143", "2090", "7389447", "126", "329350 " деген сандармен ауыстырылсын;

1) тармақша "ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

"автожолы" деген сөзден кейін "Ақтөбе - Ресей Федерациясының автожолы 0,75 км "Жайсан" автоөткелінің учаскесі" деген сөздермен толықтырылсын;

"8 көпір" деген сөздер "2 көпір; ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу ;" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "3 көпірді" деген сөздер "1 көпірді және құбырларды, ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "жобалау-іздестіру жұмыстары;" деген сөздерден кейін " ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшадағы "жобалау-іздестіру жұмыстары;" деген сөздерден кейін " ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Жамбыл облысы - "Өзбекстан Республикасының шекарасы

(Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас" автожолындағы төтенше жағдайдың салдарын жою, 16 км жолды күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстары, ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу";

7) тармақшада:

"15" деген сандар "35" деген сандармен ауыстырылсын;

"жобалау-іздестіру жұмыстары;" деген сөздерден кейін "ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшадағы "жобалау-іздестіру жұмыстары;" деген сөздерден кейін " ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы - "Қарабұтақ - Денисовка - Рудный - Қостанай" автожолында 36 км күрделі жөндеу, 42 км жолды күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстары, ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;";

10) тармақшадағы "жобалау-іздестіру жұмыстары;" деген сөздерден кейін " ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшадағы "жобалау-іздестіру жұмыстары;" деген сөздерден кейін " ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12), 13), 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) Оңтүстік Қазақстан облысы - ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;

13) Маңғыстау облысы - ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;

14) Қызылорда облысы - ғимараттарды, өндірістік базаларды күрделі жөндеу;";

7-тармақтағы "10", "222", "36", "2100", "110" және "10" деген сандар тиісінше "9", " 270", "31", "2090", "110, 75" және "9" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 161-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 5264854 мың теңге (бес миллиард екі жүз алпыс төрт миллион сегіз жүз елу төрт мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 164-қосымшада:

6-тармақ кестесінің 5-бағанының 3-тармағында:

"6" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"6) автокөлік құралдарына және жанар-жағар май материалдарына экологиялық талаптарды арттыру қажеттілігін зерттеу және Қазақстанда Еуро экологиялық стандарттарын енгізу жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу.";

7-тармақта:

"Тікелей нәтижесі" деген абзацтағы "6" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын;

"Соңғы нәтижесі" деген абзацтағы "2-3 %" деген сандар "2010 жылға қарай 3-5 %-ға және 2015 жылға қарай 8-10 %-ға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қаржы-экономикалық тиімділігі" деген абзацтағы "5188,2" деген сандар "4911,3" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 165-қосымшада:

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "45" деген сандар "46" деген сандармен ауыстырылсын;

7-тармақта:

"Тікелей нәтижесі" деген абзацтағы "45" деген сандар "46" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қаржы-экономикалық тиімділігі" деген абзацтағы "614,4" деген сандар "601,0" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 167-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 35465 мың теңге (отыз бес миллион төрт жүз алпыс бес мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 169-қосымшада:

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "ұйымдастыру ісі техникасын," деген сөздерден кейін "компьютерлерді," деген сөзбен толықтырылсын;

осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 169-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 172-қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 173-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 37586777 мың теңге (отыз жеті миллиард бес жүз сексен алты миллион жеті жүз жетпіс жеті мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы реттік нөмірі 1-жолда:

"Астана қаласында N 12 көшеге дейін N 13 көшені салу" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласында Есіл өзені арқылы өтетін К-1 автожол көпірімен Сол жағалаудың орталығы - Абылай хан даңғылы магистральды автожолын (N 12, N 13 көшелерінің магистральды автожолы) салу";

"Астана қаласында Бөгенбай даңғылының Гастелло көшесімен қиылысында көлік айырымымен жол өткелге дейін Уәлиханов көшесінен Бөгенбай даңғылын қайта жаңарту" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласында Сарыарқа көшесі учаскесінде солтүстік айналма жолындағы көлік айырымына дейін 3 учаске - эстакаданың басынан Угольная көшесімен қиылыстағы екі деңгейлі көлік айырымының соңына дейін Бөгенбай даңғылын жаңарту ";

"Астана қаласында К-3 жаңа көпірін салу (инвестицияларды негіздеу жөніндегі мемлекеттік сараптаманың 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 2-721/04 қорытындысы); Астана қаласында автожол көпірімен (2 ДУ 800 магистральды жылу трассасы) Сол

жағалаудың орталығы - Абылай хан даңғылы магистральды автожолын салу ( жұмысшы жобасына арналған мемлекеттік сараптаманың 2003 жылғы 22 мамырдағы N 2-237/03 қорытындысы); Астана қаласында әуежайдан N 19 көшеге дейін Гастелло көшесін салу" деген сөздермен толықтырылсын;

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 175-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 25999350 мың теңге (жиырма бес миллиард тоғыз жүз тоқсан тоғыз миллион үш жүз елу мың теңге).";

осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 177-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 178-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 357831 мың теңге (үш жүз елу жеті миллион сегіз жүз отыз бір мың теңге).";

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "57389,4", "232132,6" деген сандар тиісінше "53698", "304133" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 179-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 867551 мың теңге (сегіз жүз алпыс жеті миллион бес жүз елу бір мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 180-қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 182-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 18837035 мың теңге (он сегіз миллиард сегіз жүз отыз жеті миллион отыз бес мың теңге).";

6-тармақтың кестесі мынандай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| "4 | 102 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттардың шешімдері бойынша мін-деттемелерді атқаруға арналған резерві | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлуді қамтамасыз ету | Шілде-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ";

көрсетілген қаулыға 184-қосымшада:

республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы және 6-тармақ кестесінің 4-бағанының реттік нөмірі 1-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің бюджеттер бойынша қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерві";

көрсетілген қаулыға 185-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 28236951 мың теңге (жиырма сегіз миллиард екі жүз отыз алты миллион тоғыз жүз елу бір мың теңге).";

5-тармақтағы "комиссиялық сыйақыларды төлеу" деген сөздерден кейін ", үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша шығыстарды төлеу" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 2-жолдың 6-тармақ кестесінің 5-бағаны "Үкіметтік қарыздар бойынша " деген сөздерден кейін "және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "үкіметтік қарыздар бойынша" деген сөздерден кейін "және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

"32865736" деген сандар "28234351" деген сандармен ауыстырылсын;

"Уақтылығы" деген абзацтың 1) тармақшасындағы "орналастыру шарттарында" деген сөздерден кейін ", үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелерде" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 187-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 585000 мың теңге (бес жүз сексен бес миллион теңге).";

2-тармақ "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі N 810 қаулысы" деген сөздерден кейін "; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 117 қаулысы " деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "дауларды шешу" деген сөздерден кейін "; мемлекеттік активтерді басқару жүйесін жаңғырту" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі"

АҚ-ның орналастыратын акцияларын төлеуге берілетін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне бағалау жүргізуге арналған қызметтерді сатып алу.";

көрсетілген қаулыға 189-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 49224 мың теңге (қырық тоғыз миллион екі жүз жиырма төрт мың теңге)." ;

6-тармақ кестесінің 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"жыл бойы";

көрсетілген қаулыға 190-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 149806 мың теңге (бір жүз қырық тоғыз миллион сегіз жүз алты мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"жыл бойы";

көрсетілген қаулыға 192-қосымшада:

республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразия даму банкіне қатысушы мемлекеттердің нарықтық экономикасының қалыптасуы мен дамуына, олардың экономикалық өсуіне және сауда-экономикалық байланыстарының кеңеюіне жәрдемдесу";

2-тармақтағы "жоқ." деген сөз "Еуразия даму банкін құру туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 ақпандағы N 103 қаулысы " деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "мемлекетаралық инвестициялық банкінің" деген сөздер "Еуразия даму банкінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ кестесінің 4-бағанындағы "Мемлекетаралық инвестициялық банк құру" деген сөздер "Еуразия даму банкіне қатысушы мемлекеттердің нарықтық экономикасының қалыптасуы мен дамуына, олардың экономикалық өсуіне және сауда-экономикалық байланыстарының кеңеюіне жәрдемдесу" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ кестесінің 5-бағанының мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын: "Еуразия даму банкінің жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының үлесіне ақы төлеу.";

7-тармақта:

"мемлекетаралық инвестициялық банкінің" деген сөздер "Еуразия даму банкінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Тікелей нәтиже" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразия даму банкінің жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасы үлесінің 40% акциясын 2006 жылға жалпы сомасы 25 400 000 мың теңгеге төлеу.";

көрсетілген қаулыға 194-қосымшада:

республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы мен реттік нөмірі 1-жолдың 6-тармақ кестесінің 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджеттен Ұлттық қорға берілетін трансферттер";

6-тармақ кестесінің 4-бағанының 2-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоспарлы түсімдер есебінен трансферттер";

көрсетілген қаулыға 196-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1960349 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз алпыс миллион үш жүз қырық тоғыз мың теңге).";

6-тармақтың кестесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-жолмен толықтырылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| "7 | 106 | Біріктірілген ақпараттық қаржы жүйесін құру | Бизнес-процесс және әкімшілендіру жүйесі ретінде қаржыны мемлекеттік басқару рәсімдерінің реинжинирингінің бірінші кезеңі бойынша; деректерді жинау схемасын ұйымдастыру бойынша, СУБД-ны таңдау жобасы бойынша; серверлік жабдықты және оның құнын таңдау жобасы бойынша; деректерді берудің көліктік желісін таңдау жобасы бойынша қызметтерді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі"; |

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "уәкілетті органдардан салықтарды есептеуге қажет СТжСО мәліметтер алу;" деген сөздерден кейін "шикізат секторы ұйымдарынан бюджетке түсетін түсімдер бөлігінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударымдар бойынша рәсімдерді жетілдіру." деген сөздермен толықтырылсын.";

**Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 201-қосымшада:

республикалық бюджеттік бағдарламаның атауы және 6-тармақ кестесінің 4-бағанындағы реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Экономика саласындағы қолданбалы зерттеулер";

осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 201-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 203-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 204-қосымша алынып тасталсын;

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 208-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 7653063 мың теңге (жеті миллиард алты жүз елу үш миллион алпыс үш мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолдағы "40" және "55" деген сандар тиісінше "52" және "91" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 7-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"2007 жылғы 1 қаңтардан бастап көшуді ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасында халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жеке тұлғалардың дербес сәйкестендірілген нөмірлерін басып шығарып және оларды микропроцессорға ( чипқа) енгізіп жеке басты куәландыратын электрондық құжаттар дайындауға арналған арнайы жабдық:

чипті кодтап жеке куәлікті дербестендіру жүйелерін, чипті кодтап паспорттық принтерлер, қолтаңбаны басып алу үшін планшеттер, паспорттар мен жеке куәліктердің машинамен есептеу аймағын есептеуіштерді, жиынтықтағы сандық камераларды сатып алу.

Арнайы жабдықтар үшін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алу.";

реттік нөмірі 8-жолдағы "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жедел-іздестіру қызметін жүргізу. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан." деген сөздерден кейін "Жұмыстан босатылған қызметкерлерге біржолғы жәрдемақылар төлеу жөніндегі кредиторлық берешекті өтеу. Ішкі істер органдарында қызмет өткерген кезеңдегі алған 1 топтағы мүгедектігі үшін өтемақы." деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 9-жолдағы "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жедел-іздестіру қызметін жүргізу. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан." деген сөздерден кейін "Жұмыстан босатылған қызметкерлерге біржолғы жәрдемақылар төлеу жөніндегі кредиторлық берешекті өтеу." деген сөздермен толықтырылсын;

осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 214-1-қосымшамен толықтырлысын;

көрсетілген қаулыға 215-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 2408680 мың теңге (екі миллиард төрт жүз сегіз миллион алты жүз сексен мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "Жиһаз, офистік жабдықтар және есептеу техникасын сатып алу." деген сөздер "Жиһаз, офистік, тұрмыстық электр жабдықтарын және есептеу техникасын сатып алу. Шағын автобустарды сатып алу." деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "жалпы қажеттіліктен 100 % құрайтын офистік жабдықтар және есептеу техникасын: дербес компьютер - 545 бірлік, "Жеткізу жүйесі тораптары" үшін дербес компьютер - 24 бірлік, принтер - 545 бірлік, желілік принтер - 48 бірлік, үздіксіз қоректендіру кездері - 24 бірлік, серверлік жабдықтар - 48 бірлік, кондиционер - 96 бірлік, көшірме аппараты - 24 бірлік, шағын АТС - 26 бірлік, маршрутизатор - 24 бірлік, желіаралық экран - 24 бірлік, оңтайландырудың және халыққа қызмет көрсетуді есепке алудың цифрлық жүйесі - 28 бірлік сатып алу;" деген сөздер "Жиһаз, офистік, тұрмыстық, электр жабдықтарын және есептеу техникасын: дербес компьютерлер, "Жеткізу жүйесі тораптары" үшін дербес компьютерлер, принтерлер, желілік принтерлер, үздіксіз қоректендіру көздері, серверлік жабдықтар, кондиционерлер, көшірме аппараттарын, шағын АТС, маршрутизаторлар, желіаралық экрандар, оңтайландырудың және халыққа қызмет көрсетуді есепке алудың цифрлық жүйесін, дизель генераторлар, телевизорлар, тоңазытқыштар сатып алу; шағын автобустар сатып алу;" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 217-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 2676568 мың теңге (екі миллиард алты жүз жетпіс алты миллион бес жүз алпыс сегіз мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Арнайы атағы бар адамдар үшін әлеуметтік аударымдар.";

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 224-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 7238963 мың теңге (жеті миллиард екі жүз отыз сегіз миллион тоғыз жүз алпыс үш мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:
реттік нөмірі 3-жолда:
бірінші абзацтағы "5" деген сан "6" деген санмен ауыстырылсын;
5) тармақшада бірінші сөйлемнен кейін мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
"6) "Құс тұмауы: зерделеу, қарсы күрестің 2006-2008 жылдарға арналған құралдары мен әдістерін әзірлеу.";
"Жобалардың "Intas" халықаралық конкурсына еншілес болу." деген сөздер алынып тасталсын;
реттік нөмірі 4-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Халықаралық сарапшылардың қатысуымен басым ғылыми бағыттар бойынша ғылыми-техникалық бағдарламалар мен ғылыми әлеуеттің сараптамасын жүргізу";
7-тармақта:
"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "биологиялық қауіпсіздік бойынша ғылыми орталық" деген сөздер "Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты" деген сөздермен ауыстырылсын;
"Соңғы нәтиже" деген абзацта:
"айқындамасын нығайту;" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасында ғылымның одан әрі дамуы жөнінде ұсыныстар әзірлеу;" деген сөздермен толықтырылсын;
көрсетілген қаулыға 229-қосымшада:
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Құны: 555825 мың теңге (бес жүз елу бес миллион сегіз жүз жиырма бес мың теңге).";
2-тармақ ", Қазақстан Республикасында халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына көшу жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 15 мамырдағы N 88-ө өкімі " деген сөздермен толықтырылсын;
6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Мемлекеттік және орыс тілдерінде бухгалтерлік есеп жөнінде оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу. 12 жылдық мектеп үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу.";
7-тармақта:
"Тікелей нәтиже" деген абзацта:
"163", "160", "191" деген сандар тиісінше "156", "151", "167" деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"6. Мемлекеттік және орыс тілдерінде бухгалтерлік есеп жөнінде оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу - 4 атау.

7. 12 жылдық мектеп үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу - 52 атау.";

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзац: мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"6. Мемлекеттік және орыс тілдерінде бухгалтерлік есеп жөнінде оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу - 20000 теңге.

7. 12 жылдық мектеп үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу - 8812 мың теңге.";

көрсетілген қаулыға 230-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1473279 мың теңге (бір миллиард төрт жүз жетпіс үш миллион екі жүз жетпіс тоғыз мың теңге).";

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацында:

"әскери мектеп-интернатына 119-дан кем емес" деген сөздер "әскери мектеп-интернатына 120-дан кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"теннис үстелдері - 7 комплект" деген сөздерден кейін ", мультимедиялық кабинет - 1 комплект" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатын 7-ден кем емес" деген сөздер "Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернатын 8-ден кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(200 литр) - 1 дана" деген сөздерден кейін ", мультимедиялық кабинет - 1 комплект " деген сөздермен толықтырылсын;

"Алматы әскери мектеп-интернатына 8-ден кем емес" деген сөздер "Алматы әскери мектеп-интернатына 9-дан кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"комплектпен проектор - 1 дана" деген сөздерден кейін ", мультимедиялық кабинет - 1 комплект" деген сөздермен толықтырылсын;

"музыкалық мектеп-интернатына 30-дан кем емес" деген сөздер "музыкалық мектеп-интернатына 31-ден кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"центрифугасы бар кір жуғыш машинасы - 1 дана" деген сөздерден кейін ", мультимедиялық кабинет - 1 комплект" деген сөздермен толықтырылсын;

"орта мектеп-интернатына 32-ден кем емес" деген сөздер "орта мектеп-интернатына 33-тен кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кір жуатын жер үшін жабдық - 1 дана" деген сөздерден кейін ", мультимедиялық кабинет - 1 комплект" деген сөздермен толықтырылсын;

"физика-математика мектеп-интернатына 18-ден кем емес" деген сөздер " физика-математика мектеп-интернатына 19-дан кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"медициналық кабинетке арналған жабдық - 1 комплект" деген сөздерден кейін ", мультимедиялық кабинет - 1 комплект" деген сөздермен толықтырылсын;

"музыкалық мектеп-интернатына 34-ден кем емес" деген сөздер "музыкалық мектеп-интернатына 35-тен кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

"телевизор - 1 дана" деген сөздерден кейін ", мультимедиялық кабинет - 1 комплект " деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 231-қосымшада:

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "кемінде 141 бірлік" деген сөздер "кемінде 97 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 233-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 14038160 мың теңге (он төрт миллиард отыз сегіз миллион бір жүз алпыс мың теңге).";

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "30" және "15627" деген сандар тиісінше "31" және "16627" деген сандармен ауыстырылсын;

осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 235-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 236-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1434409 мың теңге (бір миллиард төрт жүз отыз төрт миллион төрт жүз тоғыз мың теңге).";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "Облыстар бойынша ортажылдық стипендиаттардың контингенті - 62434, оның ішінде: Ақмола - 4050, Ақтөбе - 3050, Алматы облысы - 2400, Атырау - 2017, Шығыс Қазақстан - 4917, Жамбыл - 4050, Батыс Қазақстан - 2667, Қарағанды - 7167, Қостанай - 4833, Қызылорда - 2700, Маңғыстау - 2017, Павлодар - 3683, Солтүстік Қазақстан - 2383, Оңтүстік Қазақстан - 6550, сонымен қатар Алматы қаласы - 6217, Астана қаласы - 3733" деген сөздер "Облыстар бойынша ортажылдық стипендиаттардың контингенті - 42433, оның ішінде: Ақмола - 1947, Ақтөбе - 2203, Алматы облысы - 1798, Атырау - 1542, Шығыс Қазақстан - 3153, Жамбыл - 2911, Батыс Қазақстан - 1660, Қарағанды - 5625, Қостанай - 2875, Қызылорда - 1492, Маңғыстау - 1450, Павлодар - 2193, Солтүстік Қазақстан - 2052, Оңтүстік Қазақстан - 4482, сондай-ақ Алматы қаласы - 4295 және Астана қаласы - 2755" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Сапасы" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жалпы контингенттің стипендиямен қамтамасыз етілуі орташа алғанда 70 пайызды құрайды";

осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 237-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 239-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 37527870 мың теңге (отыз жеті миллиард бес жүз жиырма жеті миллион сегіз жүз жетпіс мың теңге).";

реттік нөмірі 8-жолдың 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Шетелде кадрлар даярлаудың халықаралық бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге шетелде стипендиаттарды оқытуға ақы төлеуге күрделі трансферттер аудару.";

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацында:

"орташа жылдық контингентін" деген сөздердің алдындағы "күндізгі оқу нысанының" деген сөздер алынып тасталсын;

"113178", "87542", "3355", "2896", "114265" деген сандар тиісінше "100855", "78883" , "3253", "2794", "102007" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттары саны - 4500, оның ішінде қабылдау - 3000 адам" деген сөздер " Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы стипендиаттарының саны - 3000-нан аспайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 239-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 242-қосымшада:

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацының 10-тармағындағы "124-тен кем емес" деген сөздер "26-дан кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 245-қосымшада:

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацта:

"30794,25" деген сандар "31797,25" деген сандармен ауыстырылсын;

"1292,5" деген сандар "1684,5" деген сандармен ауыстырылсын;

"4341,25" деген сандар "3774,25" деген сандармен ауыстырылсын;

"470" деген сандар "646" деген сандармен ауыстырылсын;

"2796,5" деген сандар "2942,5" деген сандармен ауыстырылсын;

"1888" деген сандар "2108" деген сандармен ауыстырылсын;

"1853" деген сандар "2116" деген сандармен ауыстырылсын;

"3026,5" деген сандар "3399,5" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацта:

"16,97" деген сандар "16,43" деген сандармен ауыстырылсын;

"Сапасы" деген абзацтағы "70" деген сандар "80" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 246-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 3532939 мың теңге (үш миллиард бес жүз отыз екі миллион тоғыз жүз отыз тоғыз мың теңге).";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацта:

"269" деген сандар "268" деген сандармен ауыстырылсын;

"Атырау облысы - 27 объект" деген сөздер "Атырау облысы - 28 объект" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Чебурашка Индер ауылы, Индер ауданы" деген сөздерден кейін ", "Өрімтал" Жасқайрат селосы, Қызылқоға ауданы" деген сөздермен толықтырылсын;

"Шығыс Қазақстан облысы - 16 объект" деген сөздер "Шығыс Қазақстан облысы - 12 объект" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ОМ Көкжота ауылы, Көкпекті ауданы", "ОМ Жаңаүлгі ауылы, Катон-Қарағай ауданы", "ОМ, Московка ауылы, Көкпекті ауданы", "ОМ Аманат ауылы, Күршім ауданы." деген сөздер алынып тасталсын;

"БМ Қара-Айрық ауылы, Катон-Қарағай ауданы" деген сөздер "Гагарин атындағы ОМ, Қарғыба ауылы Тарбағатай ауданы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"БМ, Қордай ауданы, Сарыбастау ауылы" деген сөздер "БМ, Мерке ауданы, Мерке ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қостанай облысы - 15 объект" деген сөздер "Қостанай облысы - 14 объект" деген сөздермен ауыстырылсын;

"БМ N 24-а 480 орынға Қостанай қаласы" деген сөздер алынып тасталсын;

"Дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты: Қостанай қаласы," деген сөздер " Дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты Қостанай қаласы (жатақхана):.";

"Успенский ауданы, Успенка ауылы" деген сөздер "Успенский ауданы, Лозовое ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Солтүстік Қазақстан облысы - 82 объект" деген сөздер "Солтүстік Қазақстан облысы - 83 объект" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Петропавловск қаласы (теміржол мектеп-интернаты)" деген сөздерден кейін "; ШИ Санаторная Мамлютка қаласы;

А. Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға арналған гимназия интернат, Петропавл қаласы" деген сөздермен толықтырылсын";

"Оңтүстік Қазақстан облысы - 17 объект" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысы - 19 объект" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Орта мектеп Самал Сарыағаш ауданы," деген сөздер "N 110 орта мектеп, Сарыағаш ауданы," деген сөздермен ауыстырылсын;

"Шарбұлақ ауылы, Қазығұрт ауданы," деген сөздерден кейін "Бөген ауылы, Ордабасы ауданы; Төрткөл ауылы, Ордабасы ауданы." деген сөздермен толықтырылсын;

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацтағы "13167,0" деген сандар "13182,6" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 247-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 204844 мың теңге (екі жүз төрт миллион сегіз жүз қырық төрт мың теңге).";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "Білім алушылардың облыстар бойынша орташа саны - 62434, соның ішінде: Ақмола - 4050, Ақтөбе - 3050, Алматы - 2400, Атырау - 2017, Шығыс Қазақстан - 4917, Жамбыл - 4050, Батыс Қазақстан - 2667, Қарағанды - 7167, Қостанай - 4833, Қызылорда - 2700, Маңғыстау - 2017, Павлодар - 3683, Солтүстік Қазақстан - 2383, Оңтүстік Қазақстан - 6550, сонымен қатар Алматы қаласы - 6217 және Астана қаласы - 3733" деген сөздер "Ақшалай өтемақы алатын білім алушылардың облыстар бойынша орташа саны - 57074 құрайды, соның ішінде: Ақмола - 3215, Ақтөбе - 2596, Алматы - 2275, Атырау - 1787, Шығыс Қазақстан - 3974, Жамбыл - 4050, Батыс Қазақстан - 2140, Қарағанды - 7844, Қостанай - 4632, Қызылорда - 2904, Маңғыстау - 2017, Павлодар - 2959, Солтүстік Қазақстан - 2614, Оңтүстік Қазақстан - 5359, сондай-ақ Алматы қаласы - 5526 және Астана қаласы - 3182" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қорытынды нәтижелер" деген абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орта кәсіптік оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитындарды жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жылына екі рет және орта кәсіптік оқу орындарын бітірушілерді жылына бір рет жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету.";

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацтағы "1 оқушыға" деген сөздерден кейін ", 1 бітірушіге" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 251-қосымшада:

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "трафиктер" деген сөзден кейін ", абоненттік төлем" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

"Уақтылығы" деген абзацтағы "қосылу төлемақысымен қамтамасыз ету жасалған шарттарға сәйкес" деген сөздер "жасалған шарттарға сәйкес қосылғаны және трафик, сондай-ақ абоненттік төлем үшін ақы төлеуді жүзеге асыруы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 252-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 895513 мың теңге (сегіз жүз тоқсан бес миллион бес жүз он үш мың теңге).";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтағы "кешендердің, соның ішінде электрондық

оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің жиынтығының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен бұйрығына" деген сөздер "кешендермен, соның ішінде электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендермен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген тізбеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қаржы-экономикалық нәтиже:" деген абзацтағы "оқу, оның ішінде электронды әдебиетінің 1 жиынтығының жоспарланатын құны 97832 теңгеден кем емес, түзету ( арнайы) мекемелері үшін 1 оқулықтың жоспарланатын орташа құны 500 теңгеден кем емес, 1 оқу-әдістемелік кешеніне 200 теңгеден кем емес." деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:

"оқу әдебиетінің жоспарланатын орташа құны, оның ішінде электронды - 1 данасы үшін 960 теңге, түзету (арнайы) мекемелері үшін 1 оқулықтың жоспарланатын орташа құны - 500 теңге, 1 оқу-әдістемелік кешені - 200 теңге.";

көрсетілген қаулыға 253-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1576970 мың теңге (бір миллиард бес жүз жетпіс алты миллион тоғыз жүз жетпіс мың теңге).";

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзацтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік жалпы орта білім беру мекемелерін саны кемінде 284 лингафондық және мультимедиялық кабинеттермен жабдықтау, оның ішінде: Ақмола облысы - кемінде 22 бірлік, Ақтөбе облысы - кемінде 15 бірлік, Алматы облысы - кемінде 21 бірлік, Атырау облысы - кемінде 14, Шығыс Қазақстан облысы - кемінде 24 бірлік, Жамбыл облысы - кемінде 14 бірлік, Батыс Қазақстан облысы - кемінде 19 бірлік, Қарағанды облысы - 15 бірлік, Қызылорда облысы - кемінде 13 бірлік, Қостанай облысы - кемінде 21 бірлік, Маңғыстау облысы - кемінде 13 бірлік, Павлодар облысы - кемінде 18 бірлік, Солтүстік Қазақстан облысы - кемінде 21 бірлік, Оңтүстік Қазақстан облысы - кемінде 26 бірлік, Алматы қаласы - кемінде 16 бірлік, Астана қаласы - кемінде 12 бірлік.";

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацтағы: "5,5 млн. теңгеден аспайды" деген сөздер "5,6 миллион теңгені құрайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 257-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 650571 мың теңге (алты жүз елу миллион бес жүз жетпіс бір мың теңге).";

4-тармақ "; азаматтарда жоғары патриоттық сананы арттыру." деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "отансүйгіштікті дамыту;" деген сөздерден кейін "азаматтардың санасы мен сезімдеріндегі патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерін,

Қазақстан халқының бірлігі идеясына адалдығын арттыру;" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың кестесінде:

5-баған мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Азаматтарды патриоттық тәрбиелеу мәселелері бойынша семинарлар, акциялар, студенттер жұмыстарының конкурсын өткізу. Патриотизмді арттыру жөнінде елдің өңірлері бойынша үгіт-насихат тобының республикалық турнесін өткізу.";

6-баған "III-IV тоқсан" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта:

"Тікелей нәтиже" деген абзац мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"азаматтарды патриоттыққа тәрбиелеуге бағытталған кемінде 5 іс-шара өткізу.";

"Қаржы-экономикалық нәтиже" деген жолда:

"1,300" деген сандар "1300,0" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің бір іс-шарасын өткізуге арналған орташа шығыстар - 3680,0 мың теңге.";

көрсетілген қаулыға 262-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1300000 мың теңге (бір миллиард үш жүз миллион теңге).";

4-тармақтағы "технологияны" деген сөзден кейін "және жүйелерді" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының жерін қашықтықтан зондтаудың ғарыштық жүйесін құру және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары өкілдерінің ғарыш қызметі саласындағы қызметін қамтамасыз ету үшін Байқоңыр қаласында қажетті жағдай жасау.";

6-тармақтың кестесінде:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

""Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталының толықтыру: әкімшілік персонал, Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы ұйымдары үшін Байқоңыр қаласында ақпараттық-есептеу орталығы (АЕО ) ғимаратының жапсарлас құрылысын және 2 тұрғын үйді қайта жаңарту жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу; мемлекеттік сараптама жүргізу; Байқоңыр қаласында әкімшілік персонал, Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы ұйымдары үшін АЕО ғимаратының жапсарлас құрылысын қайта жаңарту; Қазақстан Республикасының жерін қашықтықтан зондтаудың ғарыштық жүйесін құру жөніндегі жұмыстар жүргізуді бастау үшін.";

6-бағанындағы "1 тоқсаны" деген сөздер "1, 3-тоқсандары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік органдары мен ұйымдары өкілдерінің қызметіне жағдай жасау үшін АЕО ғимаратының бір жапсарлас құрылысын және екі тұрғын үйді қайта жаңарту жөніндегі белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама, Қазақстан Республикасының ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік органдары мен ұйымдары өкілдерінің қызметіне жағдай жасау үшін АЕО ғимаратының бір жапсарлас құрылысын қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды жүргізуді бастау, сондай-ақ жерді қашықтықтан зондтаудың ғарыштық жүйесінің жоғары шешімді, басқарудың жер үсті кешені, жер үсті нысаналы кешені спутнигінің эскиздік жобаларын жасау.

Соңғы нәтиже: картографиялау, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру, төтенше жағдайлардың мониторингі, алдын алу және салдарын жою, өнеркәсіп және инфрақұрылым объектілерін салу және пайдалану, жылжымайтын мүлікті бақылау ( есепке алу мен салық салу мақсатында) саласында тұрақты негізде Жердің бетіндегі объектілер мен процестер, жер және орманды пайдалану (есепке алу, жоспарлау және бақылау), ауыл шаруашылығын жоспарлау, ғарыш қызметі саласындағы қызметкерлерге арналған әлеуметтік жағдай жасау және ғарыштық техниканы дамытудың негізгі бағыттарын және оны құру жөніндегі тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды негіздеу жөніндегі жүйелі зерттеулер жүргізу үшін инфрақұрылымды есепке алу және бақылау оның экологиялық мониторингі, дамуы туралы жедел ақпарат алу есебінен мемлекеттік басқару органдары мен коммерциялық ұйымдарда шешімдер қабылдаудың жылдамдығын және тиімділігін арттыру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: ғарыштық түсірілімдердің құнын 10 - 20 %-ға төмендету, спутниктерді пайдаланудан бастап өзін-өзі өтеу мерзімі - 4, 2 жыл; экономиканың түрлі секторларында ЖҚЗ технологияларын енгізуден алынатын жоғары экономикалық тиімділік, елдің экспорттық әлеуетін ұлғайту және әртараптандыру, Қазақстан Республикасының ғарыш саласы мамандарының ғылыми әлеуетін арттыру.

Уақтылығы: қызметтік ғимаратты қайта жаңарту және Қазақстан Республикасының жерін қашықтықтан зондтаудың ғарыштық жүйесін жасау жөніндегі жасалған шарттарға және жұмыс кестелеріне сәйкес.

Сапа: түсілімдердің мынадай түрлерін жүргізу мүмкіндігі: 1 м және 6.7 м рұқсат бере отырып, көрінетін диапазондағы панхроматика, 4 м және 28 м рұқсат бере отырып , көрінетін диапазондағы көп аймақты, 30 м рұқсат бере отырып, орта және алыс ИК диапазонындағы инфрақызыл, 30 м рұқсат бере отырып, гиперспектрлі; 24-тек 3-5 тәулікке дейінгі жоғары рұқсатты түсілімдер алу жеделдігінің ұлғаюы, "2005 - 2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамытудың" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезінде әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу.";

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 265-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1449395 мың теңге (бір миллиард төрт жүз қырық тоғыз миллион үш жүз тоқсан бес мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы реттік нөмірі 2-жол "Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының компоненттерін іске асырудың мониторингі мен бағалау жүйесін енгізу;" деген сөздерден кейін "диагнозы қойылатын аурулардың тізбесін кеңейту үшін диагностика мен аурулардың стандарттарын (хаттамаларын) әзірлеу және жетілдіру;" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 267-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 4383580 мың теңге (төрт миллиард үш жүз сексен үш миллион бес жүз сексен мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

реттік нөмірі 2-жолдағы "11200" деген сандар "10919" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдағы "8539" деген сандар "9365" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 7-жолдағы "Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институтына" деген сөздерден кейін ", Қазақ мемлекеттік медицина академиясына" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың "Қаржы-экономикалық нәтиже" деген абзацындағы "Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институтын" деген сөздерден кейін "; Қазақ мемлекеттік медицина академиясын" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 268-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 11145997 мың теңге (он бір миллиард бір жүз қырық бес миллион тоғыз жүз тоқсан жеті мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 269-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 1855046 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз елу бес миллион қырық алты мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 273-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 6528933 мың теңге (алты миллиард бес жүз жиырма сегіз миллион тоғыз жүз отыз үш мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "Күрделі жөндеу" деген сөздерден кейін "( қалпына келтіру) және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды бастау" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпиталінің" деген сөздер "Отан соғысының мүгедектеріне арналған Орталық клиникалық госпитальға күрделі жөндеу жүргізу ( қалпына келтіру) және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды бастау үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 275-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 2682922 мың теңге (екі миллиард алты жүз сексен екі миллион тоғыз жүз жиырма екі мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "акушерлік-гинекологиялық." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Астана қаласында 500 төсектік жаңа Республикалық ана мен бала ғылыми орталығын шетелдік компанияның басқаруы жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.";

көрсетілген қаулыға 278-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 14914693 мың теңге (он төрт миллиард тоғыз жүз он төрт миллион алты жүз тоқсан үш мың теңге).";

көрсетілген қаулыға 289-қосымшада:

7-тармақтың "Тікелей нәтиже" деген абзацындағы "31 259 науқас үшін туберкулезге қарсы препараттарды және 44 615 жасөспірімдер мен балаларға химиялық профилактика жүргізуге;" деген сөздер "32709 науқас үшін туберкулезге қарсы препараттарды және 54615 жасөспірімдер мен балаларға химиялық профилактика жүргізуге;" деген сөздермен ауыстырылсын;

**Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 304-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 663396 мың теңге (алты жүз алпыс үш миллион үш жүз тоқсан алты мың теңге).";

7-тармақтың "Тура нәтиже" деген абзацындағы "317" деген сандар "331" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 311-қосымшада:

6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "4. N 8 РУ-3 және N 12 РУ-5 консервацияланған уран кеніштерін қорғау." деген тармақ алынып тасталсын;

7-тармақтың "Тура нәтиже" деген абзацында:

"20% аспайды" деген сөздер "25 % аспайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"4) N 8 РУ-3 және N 12 РУ-5 консервацияланған уран кеніштерін қорғау." деген тармақша алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 315-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 67946 мың теңге (алпыс жеті миллион тоғыз жүз қырық алты мың теңге)." ;

осы қаулыға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес мынадай мазмұндағы 317-1 және 317 -2-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға 324-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құны: 16180621 мың теңге (он алты миллиард бір жүз сексен миллион алты жүз жиырма бір мың теңге).";

6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай мазмұндағы 8, 9, 10, 11-тармақтармен толықтырылсын:

"8. N 7, 8 станцияларының қазандық агрегаттарын, N 5, 6 станцияларының құбыр агрегаттарын және Астана қаласының су жылыту қазандығын орнатып ЖЭО-2 кеңейту және қайта жаңарту ("Мемсараптама" РМК-ның 2005 жылғы 23 маусымдағы N 2-364105 ТЭН бойынша қорытындысы).

9. Астана қаласында ЖЭО-3 салу ("Мемсараптама" РМК-ның 2005 жылғы 24 маусымдағы N 2-367/05 ТЭН бойынша қорытындысы).

10. Алматы қаласындағы "Орбита" аудандық қазандығын қайта жаңарту және кеңейту ("Мемсараптама" РМК-ның 2005 жылғы 19 мамырдағы N 7-53-2/2005 ЖСҚ бойынша қорытындысы).

11. Атырау қаласындағы Сәтпаев даңғылы бойындағы "Премьер-Сити" тұрғын үй кешенін электрмен жабдықтау.";

7-тармақтың "Тура нәтиже" деген абзацы мынадай мазмұндағы 4, 5, 6, 7-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Астана қаласының N 7, 8 станцияларының қазандық агрегаттарын, N 5, 6 станцияларының құбыр агрегаттарын және су жылыту қазандығын орнатып ЖЭО-2 кеңейту және қайта жаңарту.

5. Астана қаласында ЖЭО-3 салу.

6. Алматы қаласындағы "Орбита" аудандық қазандығы қайта жаңарту және кеңейту.

7. Атырау қаласындағы Сәтпаев даңғылы бойындағы "Премьер-Сити" тұрғын үй кешенін электрмен жабдықтау.";

осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес мынадай мазмұндағы 325-1-қосымшамен толықтырылсын;

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі бойынша:**

көрсетілген қаулыға 326-қосымшада:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Құны: 2390215 мың теңге (екі миллиард үш жүз тоқсан миллион екі жүз он бес мың теңге).";
4-тармақтағы "өнімімен молықтыру." деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықтарға жылжытуды қамтамасыз ету.
Стандарттау, сертификаттау және, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы бұзушылықтардың жолын кесу. Өнімді тұтынушылардың құқықтарын қорғау.";
5-тармақтағы "мемлекеттік саясатты қалыптастыру;" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"экспортты жылжыту мәселелері бойынша шекара маңындағы және өнеркәсіптік дамыған өңірлердің отандық тауар өндірушілерінің, оның ішінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, ақпарттандырылуын қамтамасыз ету;
Қазақстандық тауарлардың экспортын, сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу бағдарламасын әзірлеу оның негізгі міндеті қазақстандық экспорттаушылардың шетелдік нарықтарға қол жетімділігі үшін оңтайлы жағдай жасау болып табылады;";
6-тармақ кестесінің 5-бағанында:
реттік нөмірі 2-жолдағы 11) тармақшадан кейін мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2), 11-3) тармақшалармен толықтырылсын:
"11-1) Республиканың өңірлерінде шетелдік сарапшыларды тарта отырып, экспортты жылжыту мәселелері жөнінде семинарлар, тренингтер және оқыту курстарын өткізу.
11-2) Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарықтарға жылжытуға жәрдемдесу бағдарламасын әзірлеу.
11-3) Сыртқы нарықтарда отандық тауар өндірушілердің экономикалық мүдделерін қорғау бойынша елден тысқары жерлерге іссапарлар.";
реттік нөмірі 3-жолда:
"178" деген сандар "288" деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Құрылыс істері комитетінің аумақтық органдарын жергілікті атқарушы органдарға беру нәтижесінде пайда болған қаңтар-ақпан айларының жалақысын және жұмыстан шығару жәрдемақысын төлеу бойынша Құрылыс істері комитетінің қызметкерлері алдындағы кредиторлық берешекті өтеу.";
реттік нөмірі 5-жолда:
екінші және үшінші абзацтардағы "3" деген сан "16" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"- көшіру-көбейту аппараты (1 бірлік);
Бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері үшін жиһаз, оның ішінде:
басшыға арналған жиһаздар жиынтығы (16 бірлік)";

реттік нөмірі 6-жолдағы "1:С Бухгалтерия бағдарламасы, "Қаржыландыру жоспары" , ИСМ веб-сайтын және "Заң" ДБ," деген сөздер "1С-бухгалтерия" бағдарламасын сүйемелдеу, "Қаржыландыру жоспары" бағдарламасын сүйемелдеу ИСМ веб-сайтын және "Заң" ДҚ сүйемелдеу, ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

қамтамасыз ету үшін талдамалық материалдарды, ұстанымдарды пайдалану. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша қорытындылар мен ұсынымдармен талдамалық есеп.
Салықтық әкімшілендіруді жақсарту жөніндегі қорытындылар және ұсынымдармен талдамалық есеп.
Отандық салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі ұсынымдар. Қазақстан Республикасында экономиканы салықтық ынталандыру шараларын қолданудың және мұндай шараларды қолданудың халықаралық тәжірибесінің нәтижелері туралы талдамалық есеп. Салықтық ынталандыру шараларының тиімділігіне талдау жүргізу әдістемесі.
Есептер мен ұсынымдар дайындау, жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша мемлекеттік билік органдары үшін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкімен және Америка халықаралық даму жөніндегі агенттігінің консультациялар өткізу.

Түпкі нәтижесі: әлеуметтік-экономикалық дамудың талдамалық зерттеулерді нәтижелерін макроэкономикалық болжамдауды жетілдіру және қолдану мүмкіндігі үшін Қазақстанның экономикасының тұрақты өсуін қамтамасыз ету және экономикалық саясатты жақсарту үшін ұсынымдарды тұжырымдау үшін.
Уәкілетті мемлекеттік органдардың фискалдық саясатты тұжырымдау және Қазақстан Республикасының Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын іске асырғанда қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсынымдарды жұмыста пайдалану.
Қазақстанның 2030 жылға дейін арналған Даму стратегиясын, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стартегиясын және Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стартегиясын уәкілетті мемлекеттік органдар іске асыру кезінде ұсынымдарды пайдалануы.
Экономиканың "қызып кетуінің" қаупін және оның теріс салдарын азайту жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау.
Қазақстанда тариф белгілеудің әлемдік тәжірибесін пайдалану жөніндегі ұсынымдар.
Бағамдық саясат жүргізу және бұл үшін әр түрлі тетіктерді пайдалану жөніндегі ғылыми-негізделген ұсынымдарды әзірлеу.
Инфляцияны тежеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін ұсынымдарды пайдалану.
Әлемдік мұнай бағасы мен макроэкономикалық көрсеткіштердің арасында анықталған тәуелділікті пайдалану орта мерзімдік болжамдаудың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.
Қазақстанның ДСҰ-ға қатысуы жағдайларында отандық салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі жұмыста сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөз процестерінде ұсынымдарды пайдалану.
Рейтингілік агенттіктердің консервативтік инвесторларға елдің кредитке қабілеттілігі

мен кредиттік тәуекелдерін сындарлы әрі объективті бағалау беруі.
Бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін және мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыру.
Отандық салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі жұмыста ұсынымдарды пайдалану.
Экономиканы салықтық ынталандырудың неғұрлым тиімді құралдарын қолдану мақсатында салық саясатын түзету.
Уәкілетті мемлекеттік органдардың (мемлекеттік бағдарламалар әкімшілерінің) тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, қабылданған бағдарламалық іс-шараларды іске асыру жөнінде қажетті өзгерістер мен түзетулерді орындау мақсатында тиісті шешімдер қабылдау үшін талдамалық зерттеулердің нәтижелерін қолдану.
Мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының, бағдарламалық құжаттар әзірлеудің проблемалық мәселелері бойынша шешімдер дайындаудың сапасын арттыру.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: бір талдамалық зерттеу жүргізуге жұмсалатын шығындар;
экономиканың түйінді секторларындағы мемлекеттік органдардың жұмысында талдамалық зерттеулердің нәтижелерін пайдалану жолымен республикалық бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін арттыру.

Сапасы: Қазақстанның макроэкономикалық дамуының, инфляцияның, экономиканың "қызып кетуінің", теңгенің айырбас бағамының неғұрлым өзекті және проблемалық мәселелерін қамту және зерттеулердің нәтижелерін мемлекеттік экономикалық саясатты жетілдіру үшін қолданылу мүмкіндігінің.
Заңнамалық кесімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік функциялар тізілімінің өзектілігіне қол жеткізу.
Мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштерін таңдау дұрыстығы және олардың бағдарламалардың мақсаттарына сәйкестігі.
Мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік және бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасының стратегиялық, орта мерзімдік бағдарламаларының және даму жоспарларының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.
Көрсеткіштердің мемлекеттік қызметтер ұсыну сапасын жақсартуға әсері.
Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі келіссөз процесінің салалық дамуға қатысты проблемалық мәселелерінің бәрін қамту.
ДСҰ талаптарын ескере отырып, бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдарын талдау кезінде Қазақстан экономикасының барлық салаларын қамту.
Қазақстан Республикасының егемен рейтингін айқындау кезінде халықтық рейтингілік агенттіктер арасында пайдаланылатын ақпараттың сапасы мен объективтілігін арттыру.

Талдау кезінде салықтық ынталандырудың негізгі шараларын толық қамту. Әдістемеде қол жетімді деректерді пайдалану.
Халықаралық практикаға талдау жүргізу кезінде үш санат бойынша кемінде бес елді (дамыған, дамушы, басқа да) қамту.
Мемлекеттік экономикалық саясатты жетілдіру үшін, сондай-ақ бағдарламалық құжаттарды әзірлеу үшін зерттеу нәтижелерін пайдалану мүмкіндігі.
Уақтылығы: техникалық ынтымақтастықтың 2006-2007 қаржы жылдарға арналған жыл сайынғы бағдарламаларында белгіленген мерзімдерге сәйкес мерзімдерде талдамалық зерттеулердің нәтижелерін беру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 470б қаулысына
11-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
214-1-қосымша

221 - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**008 "Зияткерлік саланы дамытуды мемлекеттік қолдау"**
**деген республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 32000 мың теңге (отыз екі миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 80 жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардық жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудық желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** зияткерлік меншік құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының бірыңғай патент жүйесін дамытуды қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Қазақстанның авторлық құқықтарын және зияткерлік меншікті қорғау кепілі ретіндегі беделін нығайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.**

| N р/с № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Зияткерлік саланы дамытуды мемлекеттік қолдау | | | |
| 2 | | 100 | Патент жүйесін мемлекеттік қолдау | "Астана қаласында Патент сарайын салу" инвестициялық жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу | сәуір-желтоқан | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: "Астана қаласында Патент сарайын салу" жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу;

Соңғы нәтиже: зияткерлік меншік объектілерін қорғауды тиімді қамтамасыз ету, инновациялық белсенділікті арттыруға және инвестицияларды тартуға ықпал ететін патент жүйесін дамытуды жетілдіру.

Уақтылығы: жұмыс өндірісі кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормаларына және ережеге сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 470б қаулысына
12-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
235-1-қосымша

225 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**015 "Облыстық бюджеттерге Астана және Алматы қалаларының**

**бюджеттеріне мемлекеттік жалпы орта білім беру мекемелерінде физика, химия, биология кабинеттерін оқу құралдарымен жарақтандыруға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер туралы" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 2457650 мың теңге (екі миллиард төрт жүз елу жеті миллион алты жүз елу мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі іс шаралардың Жалпыұлттық жоспарын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Қазіргі материалдық-техникалық база құру және оны нормативтік талаптарға сәйкестендіру, мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттарына сәйкес мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының оқу үрдісін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерін мемлекеттік жалпы орта білім беру ұйымдарының физика, химия, биология кабинеттерін оқу құралдарымен жарақтандыру үшін қаржылай қолдау .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарлама (кіші бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауаптыорындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес Қазақстан | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік жалпы орта білім беру мекемелерінде физика, химия, биология кабинеттеріноқу құралдарымен жарақтандыруға нысаналы ағымдағы трансферттер | Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес мемлекеттік жалпы орта білім беру мекемелерінің физика кабинеттерін оқу құралдарымен жарақтандыруға Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер бөлу.<br><br>Сапалы және уақытымен мемлекеттік орта жалпы білім беру мекемелерінің физика бөлмелерін оқу құралдарымен қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министррлігі<br><br>Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**
тікелей нәтиже: физика кабинеттерімен:
Ақмола облысы - 45 бірліктен кем емес;
Ақтөбе облысы - 45 бірліктен кем емес;
Алматы облысы - 45 бірліктен кем емес;
Атырау облысы - 25 бірліктен кем емес;
Шығыс Қазақстан облысы - 45 бірліктен кем емес;
Жамбыл облысы - 30 бірліктен кем емес;
Батыс Қазақстан облысы - 45 бірліктен кем емес;
Қарағанды облысы - 45 бірліктен кем емес;
Қызылорда облысы - 35 бірліктен кем емес;
Қостанай облысы - 35 бірліктен кем емес;
Маңғыстау облысы - 26 бірліктен кем емес;
Павлодар облысы - 40 бірліктен кем емес;
Солтүстік Қазақстан облысы - 45 бірліктен кем емес;
Оңтүстік Қазақстан облысы - 45 бірліктен кем емес;
Алматы қаласы - 20 бірліктен кем емес;
Астана қаласы - 10 бірліктен кем емес;
Соңғы нәтиже:
- халықтың барлық жіктер үшін сапалы білім алу қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- физика кабинетінің оқу құралдары жоқ мектептер санын азайту;
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету және нормативтік талаптарға сәйкес жарақтандыру;
- білім беру үрдісін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру;
- мемлекеттік жалпы орта білім беру ұйымдарында оқыту сапасын арттыру;
Мемлекеттік жалпы орта білім ұйымдарындағы физика кабинеттерімен

жарақтандыру қажеттіліктің 100 пайызын құрайды.

Қаржы - экономикалық тиімділігі: 1 физика кабинетінің жоспарланып отырған орташа құны - 4 230,0 мың теңге.

Уақыттылығы: жасалған шарттарға сәйкес 2-жартыжылдық.

Сапасы: жаңа информациялық және денсаулық сақтайтын оқыту технологиясын енгізу негізінде оқушылардың білім сапасын арттыру. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру жолымен білім алу үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 470б қаулысына
13-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
237-1-қосымша

225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Ұшқыштарды бастапқы даярлауды қамтамасыз ету" деген**
**018 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 100000 мың теңге (бір жүз миллион теңге)

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Қазақстан республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Мемлекеттік авиациялық орталық құру" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 мамырдағы N 428 қаулысы.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджет қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** азаматтық авиация, Қазақстан Республикасының Қарулы күштер және басқа да күш құрылымдарындағы ұшқыштар құрамының дайындық сапасын көтеру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Азаматтық академия авиациясында және басқа да мемлекеттердің авиациялық оқу орындарында ары қарай дайындау үшін Қазақстанның азаматтық авиациясындағы ұшқыштар құрамының және Қазақстан

Республикасы әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтының әскерге дейінгі тұлғалардың бастапқы дайындығының сапасын жоғарылату және ұшу дайындығымен байланысты басқа да қызмет, әуе кеңістігінде ұшуды орындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с № | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты тұлғалар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Ұшқыштарды бастапқы даярлауды қамтамасыз ету | Алғашқы ұшқыштарды ұшу дайындығын құруға жағдай жасау, негізгі құралдарды сатып алу және аңғар сатып алу. | 2006 жылдың 3-4 тоқсан | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес Мемлекеттік авиациялық орталыққа негізгі құралдарды алу.

Соңғы нәтиже: Қазақстанның азаматтық авиациясындағы ұшқыштар құрамының және Қазақстан Республикасы әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтында және басқа мемлекеттердің әуе оқу мекемелерінде азаматтық авиация академиясында оқу үшін бастапқы азаматтық ұшқыштық дайындық.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 100000 мың теңге көлемінде Мемлекеттік авиациялық орталықтың қызметін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға шығындар.

Уақыттылығы: негізгі құралдарды жеткізу планына сәйкес

Сапасы: Қазақстан Республикасы азаматтық авиацияның ұшқыштық құрамының сапасын жақсарту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 4706 қаулысына
14-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
239-1-қосымша

225 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**022 "Азаматтық авиация академиясы" АҚ-тың жарғылық капиталын көбейту" республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 132155 мың теңге (жүз отыз екі миллион жүз елу бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 271-II Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Азаматтық авиация академиясы" мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2001 жылғы 25 мамырдағы N 718 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджет қаражаттары.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** азаматтық авиация саласында кадрларды дайындаудың сапасын арттыру, әлемдік рынокта бәсекелестікті арттыру үшін жақсы жағдайлар қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** азаматтық авиация саласында кадрларды кәсіби даярлаудың кешенді жүйесін дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с № | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 022 | | "Азаматтық авиация академиясы" АҚ-тың жарғылық капиталын көбейту | ҚР ККМ Азаматтық авиация комитетінің мамандарын EASA/JAR стандарттарына оқыту үшін "Азаматтық авиация академиясы" АҚ жарғылық капиталын арттыру арқылы "Азаматтық авиация академиясы" АҚ-тың қызметін дамыту. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: педагогика және авиация қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үшін нысандарды, әдістерді және талаптарды жетілдіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін азаматтық авиация академиясының жарғылық капиталын өсіру және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 35 мамандарын EASA/JAR стандарттарына оқыту.

Соңғы нәтиже: авиация саласының білікті кадрлармен қамтамасыз етілу деңгейін арттыру, халықаралық авиация стандарттарын енгізу.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: қолайлы жағдайлар ұйымдастыру және жасау есебінен кадрлық әлеуетті арттыру; Азаматтық авиация комитеті қызметшісін енгізіп жатқан (EASA/JAR) европалық авиация талаптарын оқыту үшін орташа шығын 1768 мың.теңге.

Уақтылығы: жыл бойы жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: азаматтық авиация саласын EASA/JAR европалық авиация стандарттарына көшіру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 470б қаулысына
15-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
317-1-қосымша

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**015 "ҚазҚуат" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту"**
**деген республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 300000 мың теңге (үш жүз миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "2030 жылға дейінгі электрэнергетикасын дамыту Бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 384 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында гидроэнергетиканы дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 ақпандағы N 161 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** экспорттық жеткізілім мүмкіндігін бағдарлай отырып Қазақстан Республикасының электр энергетикасын дамыту, базалық және ең жоғары деңгейдегі жүктемелерді жабуды ұлғайту, электр энергиясының тапшылығы мен құнын төмендету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** энергия өндіретін ұйымдардың құрылысын қайта құрылуы мен жаңғыртылуын ұйымдастыру, құрылатын, сондай-ақ

қолданыстағы энергия өндіретін ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды жүзеге асыру, қолданыстағы және құрылатын энергия өндіретін ұйымдарға қатысу үшін әлуетті инвесторларды тарту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.**

| N р/с № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | "ҚазҚуат" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту " | Кербұлақ ГЭС құрылысы жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу, Кербұлақ ГЭС салуға жер учаскесін сатып алу жөніндегі іс-шаралар "ҚазҚуат" АҚ жарғылық капиталын көбейту. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тура нәтиже: қажетті сараптамадан өткен, әзірленген Кербұлақ ГЭС құрылысы жобасының техника-экономикалық негіздемесі; Кербұлақ ГЭС салуға жер учаскесін сатып алу.

Түпкілікті нәтиже: Қазақстан Республикасының базалық және ең жоғары деңгейдегі жүктемелерін жабудағы мүмкіндікті арттыру, Қазақстан Республикасының экологиялық жағдайын жақсарту, энергетика саласын дамыту, Қазақстан Республикасында өндірілетін электр энергиясының мөлшерін көбейту, электр энергиясының тапшылығы мен құқын төмендету жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуын дамыту, электр энергиясының экспортын дамыту.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: электр энергиясының тапшылығы мен құнын төмендету, электр энергиясы экспортының мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 470б қаулысына
16-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
1235 қаулысына
317-2-қосымша

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**016 "Жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық және/немесе келісімшарттық талаптарын орындауды бақылауды ұйымдастыру" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 38250 мың теңге (отыз сегіз миллион екі жүз елу мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңының 6-бабы ; "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заңының 8-бабы ; "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1444 қаулысы ; "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың Жалпы ұлттық жоспарын орындаудың желілік кестесінің 51-тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген 2006-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламалары.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** жер қойнауын пайдалануды басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** жер қойнауын пайдалануды басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық және/немесе келісімшарттық | 1. Жаңа тұғырнамаға көшу шеңберінде жобалау алдындағы зерттеулерді жүргізу.<br>2. "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" (бұдан әрі - ҚР ЖҚП ББМЖ) жүйесін жаңа тұғырнамаға көшіру арналған | | Қазақстан Республикасы Энергетика және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | талаптарын орындауды бақылауды ұйымдастыру | техникалық тапсырманы дайындау. 3. Жаңа тұғырнамада ҚР ЖҚП ББМЖ жүйесінің макетін дайындауды қамтитын эксиздік жобаны дайындау және оның тест сынағынан өткізідуі | 2006 жылдың екінші жартыжылдығы | минералдық ресурстар министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тура нәтижесі: "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" ақпараттық жүйесінің макеті Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымының (ҚР ҰАИ) және " электрондық үкіметтің" элементі ретінде.

Түпкілікті нәтиже: жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік басқаруды сапалы деңгейге көтеру.

Қаржылық-экономикалық тиімділігі: ҚР ЖҚП ББМЖ жүйесінің шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қызметін жедел бақылау негізінде экономиканың өндіруші салаларының экономикалық тиімділігін арттыру.

Уақтылығы: жұмыстардың күнтізбелік жоспарға сәйкестілігі.

Сапасы: ҚР ЖҚП ББМЖ жүйесінің Қазақстан Республикасы ақпараттық технологияларының стандарттарына және ақпараттық қауіпсіздік ISO 17799:2005 және ISO 27001:2005 жаңа халықаралық стандарттарына сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 470б қаулысына
17-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
325-1-қосымша

231 - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**027 "Облыстардың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыруға арналған нысаналы трансферттер" деген**

**республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 450000 мың теңге (төрт жүз елу миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы" ( екінші оқылым) 2006 жылғы 20 маусымдағы N 42-III ҚРҮ Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** 2006-2007 жылдарда жылыту маусымына Арқалық қаласының жылумен жабдықтау объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Қостанай облысы Арқалық қаласының жылумен жабдықтау объектілерін отынмен қамтамасыз ету үшін жағдайлар туғызу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.**

| N п/п № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауаптыорындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 027 | | Облыстардың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың ) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыруға арналған нысаналы трансферттер | | | |
| 2 | | 100 | Арқалық қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыруға арналған нысаналы трансферттер | 2006-2007 жылдарда жылыту маусымына " Арқалық ЖЭК" ММК үшін отандық мазутты сатып алуға Қостанай облысының облыстық бюджетіне мақсатты ағымды трансферттерді удару. | шілде - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі; Қостанай облысының әкімдігі, Арқалық қаласының әкімдігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тура нәтиже: 2006-2007 жылдарда жылыту маусымына Арқалық қаласын жылумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету.

Түпкілікті нәтиже: "Арқалық ЖЭК" МКК-нің тиімді жұмыс істеуі және жылумен жабдықтау қызметтерін үздіксіз ұсынуы.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: республика үшін экономикалық тиімділікке Қостанай облысының Арқалық қаласын жылумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру жолымен қол жеткізіледі.

Уақытылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстардың жоспар-кестесіне сәйкес.

Сапасы: нормалары мен ережелеріне сәйкес, М-100 маркалы мазут.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 шілдедегі N 470б қаулысына 18-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына 338-1-қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**015 "Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Теміртау қаласында индустриялық парктің инфрақұрылымын салуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 335000 мың теңге (үш жүз отыз бес миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Экономиканың басымды секторларындағы пилоттық кластерлерді құру және дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 663 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысының 9-тармағы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Қарағанды облысының Теміртау қаласында "Металлургия" кластері шеңберінде индустриялық аймақты құру жолымен жаңа

өндірістерді құру есебінен металлургия және металды қайта өңдеудегі өндірістің тұрақты өсуі үшін.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Қарағанды облысының Теміртау қаласында индустриялық парктің инфрақұрылымын салу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарлама) аты | Бағдарламаны (кіші бағдарлама ) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 015 | | Қарағанды облысының облыстық бюджетіне Теміртау қаласында индустриялық парктің инфрақұрылымын салуға берілетін нысаналы даму трансферттері | Қарағанды облысының Теміртау қаласында индустриялық парктің инфрақұрылымын салуға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі және Қарағанды облысының әкімдігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтижесі: Қарағанды облысының Теміртау қаласында индустриялық парктің инфрақұрылымын салуға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу.

түпкілікті нәтиже: Қарағанды облысының Теміртау қаласында "Металлургия" кластері шеңберінде индустриялық аймақты құру жолымен жаңа өндірістерді құру есебінен металлургия және металды қайта өңдеудегі өндірістің тұрақты өсуі үшін Қарағанды облысының Теміртау қаласында индустриялық паркті пайдалануға беру.

Қаржылық-экономикалық тиімділік:

металлургия және металды қайта өңдеудегі өндірістің тұрақты өсуі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес түпкі өнімдердің экспортына бағытталған жаңа өндірістерді Қазақстанда; металлургия саласында бірлескен кәсіпорындарды құру мен дамыту.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес жұмыстың жоспар-кестесіне сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 470б қаулысына
19-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
339-1-қосымша

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 2000000 мың теңге (екі миллиард теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 286 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** акциялардың мемлекеттік пакеттерін ( қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығы "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ға берілген мемлекет қатысатын (бұдан әрі - компаниялар) заңды тұлғаларды тиімді корпоративтік басқару жолымен Қазақстан Республикасы экономикасының барлық секторларында инвестициялық және инновациялық белсенділігін арттыру және ынталандыру.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының стратегиясының ережелерін, мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды ескере отырып, индустриалдық-инновациялық даму саласында Мамандандырылған Кеңестің ұсынымдарының негізінде компаниялардың стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуін қамтамасыз ету; ұлттық экономиканы әр тараптандыруда Қазақстан Республикасының Үкіметіне жәрдемдесу компаниялардың қызметін үйлестіру негізінде экспорттық-импорттық сектордың басымдықтарын пайдалану; компанияларды корпоративтік басқарудың таңдаулы әлемдік тәжірибені енгізу; компаниялардың қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру, компаниялардың мамандануы арасында және олардың арасындағы мәнді бәсеке балансын айқындау;

Қазақстан Республикасының қор нарығын дамытуға жәрдемдесу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| р/с N № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарлама (кіші бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру | "Қазына" орнықты даму қоры " АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру | 2006 жылғы екінші жарты жылдықта | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасы экономикасының барлық секторларында инвестициялық және инновациялық белсенділікті арттыру және ынталандыру

Уақтылығы: жарғылық капиталын қалыптастыру жөніндегі заңнамада көзделген рәсімдерге сәйкес келтіру.

Сапасы: акциялардың мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығы "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ға берілген компанияларды тиімді корпоративтік басқару.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 470б қаулысына
20-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
368-1-қосымша

600 - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"**

**001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 1437202 мың теңге (бір миллиард төрт жүз отыз жеті миллион екі жүз екі мың теңге)

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 55 Жарлығы ; "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 маусымдағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** бағалы қағаздар рыногын дамыту, оның халықаралық рынок капиталдарымен ықпалдасуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тарту, қазақстандық капиталдың шетелдік бағалы қағаздар рыногына шығуы.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| Р/с N № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарлама (кіші бағдарлама) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Штат санының лимитіне сәйкес Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің орталық аппаратын ұстау. Үй-жайды жалдау ақысын төлеу. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру және оның жұмыс істеуі жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу. Аудиторлық тексерулердің шығындарын өтеу . Өңірлік қаржы орталығының маркетингін жүргізу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді басылымдарда, теледидарда, | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Интернет желісінде) ақпараттық және жарнамалау компаниясын жүргізу Халықаралық консультативтік кеңестің қызметтеріне ақы төлеу. Шетелдерде халықаралық семинарлар өткізу. | | қызметін реттеу агенттігі |
| 3 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Бекітілген біліктілікті арттыру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу, оның ішінде мемлекеттік тілді оқыту. | 2-4 тоқсан | Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі |
| 4 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Кабинеттерді жабдықтау үшін жиһаздар, жабдықтар және басқа активтерді, тауарларды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі |
| 5 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Ақпараттық жүйелерді және жергілікті міндеттерді сүйемелдеу. Мемлекеттік тілдегі құжаттармен жұмыс істеуі үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту. Агенттіктің жабдығы мен желілеріне, серверлік үй-жай жүйелерін, телекоммуникациялық және басқа да жабдықтарға техникалық және жүйелі қызмет көрсету. Ақпараттық қауіпсіздік бойынша бағдарламалық өнімді сатып алу және сүйемелдеу. Есептеу техникасы мен активті желілік жабдықтар сатып алу. Жабдықты бөлшектеу/монтаждау бойынша қызметтер, жөндеу, жабдықты жеткізу бойынша ілеспе қызметтер алу. Интернет және VPDN желісіне қосылу бойынша қызметтерді алу. | | Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығын құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық негізбен 100 % қамтамасыз ету; 78 біліктілігі жоғары мамандарды жұмысқа тарту мемлекеттік қызметшілердің компьютермен және ұйымдастыру техникасымен жалпы қажеттіліктің 100 %-мен

жарақтандырылуын қамтамасыз ету.

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамыту, халықаралық капитал рыноктарына ықпалдасу; Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияларды барынша тарту; қазақстандық капиталдың шетелдік бағалы қағаздар рыногына шығуын қамтамасыз ету .

Қаржы-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасы Алматы қаласының қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі орталық аппаратының бір мемлекеттік қызметшісін ұстауға арналған орташа шығын 9420 мың теңгені құрайды; бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға арналған орташа шығын - 33 мың теңге ; Агенттіктің ақпараттың жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шығындардың орташа көлемі және ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету - 366,5; Халықаралық консультативтік кеңестің қызметтеріне орташа ақы төлеу - 7937,5 мың теңге.

Уақтылығы: белгіленген кестеге сәйкес іс-шараларды уақтылы орындау.

Сапасы: Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының барынша көп санын тарту және қазақстандық және халықаралық бағалы қағаздар рыногының ықпалдасуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 шілдедегі
N 4706 қаулысына
21-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
369-1-қосымша

603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**
**002 "Электрондық үкіметті" қалыптастыру шеңберінде**
**мемлекеттік меншікке қатысу" деген республикалық**
**бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 1425000 мың теңге (бір миллиард төрт жүз жиырма бес миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан

Республикасында "электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 карашадағы N 1471 Жарлығы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 5-бабы ; "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында " электронды үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1286 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** KAZSAT спутнигі базасында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің өзара әрекет етуі үшін бірыңғай көліктік ортаны қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Алматы, Өскемен, Шығыс Қазақстан облысының 19 аудан орталықтары мен қалаларын қамтитын телекоммуникациялық инфрақұрылым құру. Алматы, Өскемен қалаларында қалалық талшықтық-оптикалық сақина құру. Ақпараттық құрылымның Астана қаласындағы мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының пилоттық аймағымен ықпалдасуы.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п № | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | "Электрондық үкімет" қалыптастыру шеңберінде мемлекеттік меншікке қатысу | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік органдардың біріңғай көлік ортасының спутниктік сегментін құру | "KazSatNet" АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: Астана қаласында деректер берудің орталық жер станциясының жерсеріктік желісін, Алматы қаласындағы, Өскемендегі, Павлодар облысының 4 аудандарындағы, 19 орталық аудандар мен Шығыс Қазақстан облысы қалаларындағы мемлекеттік органдардың ЕТС ГО-ға жердегі жерсеріктік станциялары мен желінің

қолжетімділігін қосатын, ЕТС ГО жерсеріктік сегментінің пилотты аймақ жобасын іске асыру үшін АО "KazSatNet" кәсіпорнын құру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК